

ПАВЛОДАР УНИВЕРСИТЕТІ

МАГИСТРАТУРА

“ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА” КАФЕДРАСЫ

Магистрлік диссертация

МӘШІҮР-ЖҮСІП ЖӘНЕ МЫСАЛ ЖАНРЫ

521250 “Филология: казак филологиясы”

Орындауны Тілеулесова А.Ш.  
15.04.05 Тілеулесова А.Ш.  
(колы, күні)

Фылыми жетекшісі ф.ғ.к., доцент Жұсіпова Г.К.  
(колы, күні)

Қорғауға жіберілді:

“Қазак әдебиет және журналистика”  
кафедрасының менгерушісі, ф.ғ.к., доцент



Жұсіпова Г.К.

Павлодар, 2005

## МАЗМҰНЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.....	3
Кіріспе.....	5
1 Қазак әдебиетіндегі мысал жанрының қалыптасуы, зерттелуі.....	8
2 Мәшіүр-Жұсіп Қөпейұлының мысал өлеңдеріндегі сюжет төркіндестігі.....	23
3 Мысал өлеңдердің көркемдік ерекшелігі.....	42
Қорытынды.....	48
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	49

## ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

**Зерттеудің өзектілігі.** ХХ ғасырдың басындағы әдебиет өкілдерінің бірі Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы.

Қазак әдеби тарихы, әдебиеттану ғылымында бұрын мұлде аз зерттелген саланың бірі мысал жанры екені рас.

Ақынның шығармалары әдебиеттану ғылымында бірнеше зерттеулерге өзек болып зерттелгенімен, мысал өлеңдері жан-жақты зерттеле қоймаған.

Мысал жанрының әлемдегі руханияттағы орыны, оның басқа елдердің әдебиетіне тигізген ықпалын жан-жакты қарастырып, зерттеуді кажет етеді.

Жұмыстың өзектілігі – осы зерттеуде жасалған ғылыми тұжырымдармен де сабактасады, яғни бұл зерттеудің көтеріп отырған мәселемен байланысты.

### **Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері:**

- казак әдебиеттану ғылымында мысал жанрының теория зерттелу барысына шолу жасау;
- мысал жанрының теориясының өзекті мәселеріне арналған белгілі ғылыми бағыттардың тәжірибесімен жетістіктеріне сүйене отырып, жанрды зерттеу барысында ұстанарлық теориялық принциптеріміздің шарттарын қарастыру;
- Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының тұспалдалап айту өлеңдерінің ерекшеліктерін айықындау;
- казак әдебиеті мен Мәшһүр-Жұсіп өлеңдеріндегі тақырып жағынан үндестігін көрсету;
- Мәшһүр-Жұсіп мысалдарын сюжет үндестігін, төркіндестігін қарастыру;
- ақын мысалының сюжетінің бастау көздерін іздеу;
- әлем әдебиетіндегі жұмбақтап айту дәстүрімен Мәшһүр-Жұсіп мұрасындағы өзектестікті саралау.

**Зерттеудің дерек көздері:** 1990 жылы жарық көрген Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының таңдамасы (2 томдық шығармалар жинағы) [1, 2], 2003-2004 жылы жарық көрген 4 томдық жинақтары зерттеудің дерек көзі болып табылады [3-6].

**Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері.** Жұмыстың ғылыми негіздері ретінде отандық ғалымдар А.Байтұрсынов, С.Кирабаев, Б.Кенжебаев, Г.Жұсіпов, Т.Шанбаев, У.Қалижановтың еңбектері негізге алынды [7-12].

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.** Диссертациялық жұмысты орындау барысында тәмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

- казак әдебиеттану ғылымында мысал жанрының зерттелу барысына шолу

жасау;

- Мәшһүр-Жұсіптің тұспалдалап айту өлеңдерінің ерекшеліктерін айқындау;
- Мәшһүр-Жұсіппен қазак әдебиетіндегі мысал жанрының сюжет ортақтастығы.

**Зерттеудің әдістері.** Тарихи-салыстырмалы, сипаттау, тұжырымдау, объективті-аналитикалық әдістер қолданылды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.** Төл әдебиетімізге өзіндік үлес қосқан Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы мысалдарын әлем әдебиетімен салыстыра отырып тұжырымдар жасалды. Бұрын талдаланбаған мысалдарына тұжырымдар жасалды. Әр түрлі тақырыптағы мысалдарда, көркем әдебиеттегі дәстүр сабактастығы, көркемдік ерекшеліктері, тілдік ерекшеліктері, жұмысқа арқау болды. Осы айтылған мәселелер жан-жакты көрсетіліп, олардың әрқайсысы бойынша жұмыстың жаңалығын күрайтын нәтижелер алынды.

**Зерттеудің теориялық және практикалық мәні.** Ғылыми жұмыстың теориялық тұжырым-кағидалары Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының мысалдары казак мысалдар түралы оқылатын дәрістермен семинарларға көмекші құрал бола отырып, лицей, колledge, сөндай-ақ филология факультетіндегі казак белімі студенттері үшін арнайы курстар жүргізуде пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының мақулдануы мен жариялануы.** Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері курстық жұмыста "ПаУ хабаршысы" ғылыми журналында жарық көрген "Мәшһүр-Жұсіп және мысал жанры" атты мақалада жарияланды [13], "V Сәтпаев оқулары. Республикалық ғылыми тәжірибелік конференцияның материалдары" [14].

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен, қорытындыдан тұрады. Сонында әдебиет тізімі берілген.

## КІРІСПЕ

ХХ ғасырдың басындағы әдебиет өкілдерінің бірі – Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы. Қазак әдебиеттану ғылымында ғана емес, әлемдік әдебиет корына өшлейтін мұра калдырыған ақын.

Мәшһүр-Жұсіп үлттүк идеяға күрылған таза ағартушылық бағыт ұстанды. Ақын өз халқының даналығынан Батыс, Шығыс әдебиетінің озық ойлы адамдарынан үлгі алды. Терен мағыналы шығармаларында қоғамдық-әлеуметтік жағдайда өзі өмір сүрген дәуірін жан-жақты қырынан бейнелей отырып, өзіне тән бояумен өрнектеді. Ел ішіндегі ұнамсыз қылыштарды сынап, би-боловстармен патша әкімдерінің келенсіздіктерін өшкөрлей отыра халықты өнер-білімге шақырды. Ақынның мұраларында әр түрлі ғылым саласында мағұлмат берер ойтұжырымдар мен өсiet өнегелер өте көп. Ақын қазақ халқының басынан кешкен киын-қыстау күндермен отарлау саясатының ұстанған мұддесіне қарапайым халықтың санасына мысал жанры арқылы жеткізе білді. Қазак әдебиетінде мысал жанры халықтың рухани қазынасының сарқылмас көзі ретінде қалыптасты. Қазак ақын-жазушыларының әдеби шығармаларының дәл осы жанрын таңдауда үлкен мән бар. Мысал жанры – қазақ халқына да жақын, таныс дүние, ғибрат айтып жақсылыққа шакырулын ен бір ұтымды амалы.

Зерттеуші ғалым У.Қалижан “Мәшһүр-Жұсіп” зерттеу енбегінде: “Мәшһүр-Жұсіптің бүкіл тірлігі – жастарға үлгі, өнеге, ол мал мұлікті көзіне сүртпеген аса жомарт, білім иесі, ағылыш-төгіліп тұған ақын, Адам Атадан бері қарай толғап кетсе – шежіреші, тарихшы, этнограф, әр нәрсенің байыбына бармай, тексермей катам тербемейтін терең ойшыл екені даусыз. Ол бір жаратушы Алладан басқаға мойын бүрмаған діндар да еді, – аузына адам салмаған тахуа да еді деп ақындық тұлғасына баға береді” [12].

Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығының ерекшеліктері туралы, ғылыми еңбектер, ой-пікір талдаулар, тұжырымдар, сын-макалалар, ғылыми конференциядағы баяндамалар жарық көріп жүр.

Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының шығармаларының зерттелу тарихы дегенде – Л.К.Жұсіпованың т.ғ.к., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты [15], Алматы-2002 жылы ғылыми еңбек негіз бола алады.

1984-1986 жылы жарияланған Ә.Х.Марғұлан зерттеуінен басқа ешбір ғылыми еңбектерде Мәшһүр-Жұсіптің деректанушылық көзкарасы мен қызметі мүлде қарастырылмады. Кеңес өкіметі жүргізген саяси құғындау шаралары мен ғылыми шығармаларының ескі араб жазуында жазылуы 1952-1991 жылдар аралығындағы тарихшы ғалымдарымыздың Мәшһүртану бағытына қосыла алмауына себеп болады.

Мәшһүр-Жұсіп шығармаларын зерттеу үшін ен алдымен уақыты жағынан кезендерге бөлуге болады. Ақынның шынайы бейнесі ашылып, әр жылдағы жазылған еңбектеріне нақты баға беріледі. Ғұлама ақынның шығармалары сол кездегі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты болғанын байқаймыз. М.-Ж.

Көпейұлы шығармасын кезеңге бөлінуі туралы: "Ең алдымен Мәшһүртануды екі кезеңге бөліп қарайтын болсақ, онын алғашқы кезеңі – Мәшекеннің көзі тірісінде-ак оның жинаушылық, жариялаушылық, зерттеушілік т.б. енбектер жайлы пікірлер баспа бетіне шығып үлгерген" [16].

«Мәшһүртанудың екінші кезеңі 1931 жылдан басталады».. дейді Р.Төленкызы, ф.ғ.д., профессор Қ.П. Жүсіповтен жазып алған сұхбатында. М.-Ж.Көпееvtін мұраларының зерттелу кезеңінде маңызды роль атқаратын: «Әдебиетпен өнер мәселесі бойынша 30-40-шы жылдары кезеңімен 50-ші жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының корытындысын». «Қазақстан Коммунистік партиясы (б) большевик Орталық комитетінің Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өреске саяси қателіктері туралы 1947 жыл, 21 қантар қаулысының» атап өтсек, одан көп кейін ф.ғ.к. С.Сұтжановтың «Мәшһүр-Жүсіп Көпееvtің мәдени мұрасы» [17] деген ғылыми зерттеу еңбегінің «Мәшһүртану ғылымының» негізін салудағы ролі зор болды. Сөйтіп, М.-Ж. Көпейұлы мұраларын зерттеуге көнінен жол ашады. 1990 жылдары алғашқы шығармалар жинағы басылып шыкты. 1994 жылдан М.-Ж. Көпейұлының әдеби мұрасына байланысты алғашқы диссертациялар корғала басталды. Мысалы, Жүсіпов Нартай «Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының фольклоршылдық еңбегі» (1998, маусым), Жүсіпова Гүлнәз «Мәшһүр-Жүсіп дастандары» (1998, наурыз), диссертациялары әдебиеттің төрінен орын алды [11]. С.Сұтжановтың М.-Ж. Көпейұлының шығармашылық өміrbаяны (Әдістемелік оқу құралы, 1994), «Мәшһүр мұрасы», (2001) [17], Үәлихан Қалижан «Мәшһүр-Жүсіп» (1998) [12], Жүсіпов Нартай «Мәшһүр-Жүсіп және фольклор» (1999), Жүсіпова Гүлнәз «Мәшһүр-Жүсіп қиссаларындағы Мұхаммедтің бейнесі» (2000, Оқу құралдары), Кепеев Сүйіндік «Мәшһүр-Жүсіп өмірі» (2000) т.б. зерттеу енбектер жарық көрді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты Мәшһүр-Жүсіп Көпееев. Таңдамалы. (Екі томдық шығармалар жинағы) бірінші томы: Өлең, кисса, мысалдарын Ғылым баспасынан 1990 жылы шығарды, екінші томы: 1992 жылы басылып шыкты. Мәшһүр-Жүсіп Көпееев ел аузынан жинаған үлгілері дәп аталауды. Бұл енбектің шығуына С.Дәуітов көп еңбек сінірген.

Сол сиякты: М.Базарбаев, С.Қирабаев, Ш.Сәтбаева, Р.Бердібаев, К.Жүсіповтар көп еңбек атқарды. Қазақ шежіресі әзірлеген С.Дәуітов 1993 жылы М.-Ж. Көпееvtің еңбегі «Жалын» баспасынан жарық көрді.

Осындағы телегей-төңіз енбекті аз уақыт ішінде зерттеп шығу мүмкін емес. Демек, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өзінің идеялық мазмұны терен, тағылымы мол шығармалары арқылы тек қазақ әдебиеті ғана емес, казақ әдеби тілінің қалыптасып дамуына зор үлес косқан. Егер Абай үлттық әдебиеттің көш басшысы болса, Мәшһүр-Жүсіп сол көштің коштаушысы.

Ұлттық әдебиеттің мәңгілік байлығы – Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының шығармалары.

Қазақ қоғамы дамуының өзіндік сыры мен шындығын жырлаған осы тәрізді әдебиет топтардын Мәшһүр-Жұсіп сияқты кеменгердің шығармашылық өмірі халқымыздың рухани мұрасы болып қала бермек.

## 1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МЫСАЛ ЖАНРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ

Мысал әлем әдебиетінде Эзоп, Федр, Лафонтен [18, 19], Крылов сияқты каламгерлер қалыптастырған өзіндік сыры өз кілті бар жанр.

Дүние жүзі әдебиеттерінде кең тараған жанрлардың бірі мысал. Мысал әдебиеттің көне түрі. Мысал жанрының конандық дәстүрлі белгілері бар әлемдік әдебиетте қалыптасан заңдылық ретінде қабылданатын ортақ сюжет жалпы жанрдың типологиялық үқастығы жағынан, такырыптық мәселесі тұрғысынан айтылған тұжырым. Эрбір ұлттық суреткер жанрдың дәстүрлік белгілерін атап көрсеткен. Мысал әлем әдебиеті мен фольклорда кең тараған. Мысал жанрының табиғатының басты ерекшелігі-оның синкреттілігі. Мысал табиғатында-лирикалық, драмалық, сатириалық, комедиялық тіпті трагедиялық элементтердің үштасып, бірлікте дамитын оның синкреттік касиетімен коса, күрделі жанр екендігін бойқатады. Мысал жанрының синкреттік ерекшелігіне В.Г.Белинский, Л.С.Выготский [20], В.В.Виноградов өз еңбектерінде дәлелдеген. Мысал жанрының синкреттік ерекшелігі оның шығу тегімен типологиялық даму эволюциясын фольклорымен қатар жүруіне байланысты. Мысал жанрының пайда болуы және дамуы эволюциясына арналған жалпы теориялық еңбектерінде әр бағытта пікірлер болған мен негізінде алғашқы қайнар көзінің бірі – фольклор, яғни жануарлар эпосы екеніне дең қояды әлем әдебиетіндегі мысал жанрының екінші бастауы үстіміздегі дәуірдің III ғасырда жазылған “Панчантантра” (“Бес байт”) атты үнді жинағы, одан басқа да жинактар әр ғасырда әлем халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, немесе сюжеті ауызша таралып адамзат мәдениетінің дамуына зор ықпал тигізеді.

Мысал жанрының көне дәуірден біздін заманымызға дейін әлем ғалымдарының ерекше назарында болғанын тарихи ұзак уақытта дүниеге келген іргелі теориялық еңбектер мен қалыптасан ғылыми бағыттар дәлелдейді. Мысал жанры туралы ғылымның арналы үш теориялық бағыты бар.

Біріншіден: Арестотель заманынан бастау алған, негізінен философтар да көніл аударған, кейіннен әсіресе Г.Э.Лессинг, В.Перри, А.Потебня, М.Н.Гаспаров т.б. ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапкан, мысал жанрының басты, өзге жанрдан өзгешелендіріп тұратын негізгі ғибрат (мораль) леген оның философиялық дидактикалық мазмұнына дең койған рационалды бағыт.

Екіншіден: мысал жанрының негізгі әнгімелей (повествование), ол ғибрат кейіннен “алған” касиеті деген. Я.Гримнің “жануарлар туралы ертегі-мысал” (типолологиялық тұрғыда) эволюциалық даму концепциясын ұстаған, кейіннен.

А.Хаусрат, И.Левин, Е.А. Костюхин т.б. негізінен фольклористтер еңбегінде колдану тапқан романтикалық бағыт.

Үшіншіден: мысал жанрының жана сергіліс кезеңінің ерекшелігіне мысал жанрының (мысал жанрының проблемасы), оның психологиялық, эстетикалық есер ету қасиетіне өзгеше көзқараспен келген. С.Выготскийдің “психологиялық” бағыты. Мысал жанрың бұл бағытта зерттеу. Мысал жанрының поэзиялық түрінің табиғатын тануда елеулі ықпалы болды.

Мысал жанрының теориясына арналған еңбектердің бірнеше бағыттарда дамуы, мысал әдебиет жанры болып тұрып, фольклормен дәстүрлі байланысының сакталуы және лирикалық, эпостық, драмалық элементтердің жанр тұлғасынан көрініс табуы, жанрлық түрлерінің сырттай ұқсастығы болғанмен, әрбір даму кезеңінде, үлттық әдебиеттерде жаңаша бір көркемдік шешім тауып, серпінді қозғалыс, өзгеше түр-сипат байқатуынан туындалады. Мысал жанр табиғатының көпқырлы сипаты әдебиеттанушы ғалымдарға емес, фольклортану, философия, секілді ғалымдардың өкілдерінің де назарын өзіне аудартты. Осы ғылыми бағыттардың, қарама-қойшылықтары ойпікір, тұжырым, пайымдары, болжаку мен дәлелдері жан-жакты, әр түрлі болуы осыдан.

Жоғарыдағы пікірлерімен, зерттеу, тұжырымдарға сүйенсек, мысал жанрының жаңа үлгісін әкелген француз ақыны Лафонтен, сол кезеңде сынға үшінрады. Өйткені ерте заманның өзінде Федр мен Бобрий қайсы бір мысалдарын өлең тілмен жазғанмен, XVIII ғасырға дейін прозалық мысал түрі әдебиетте өзіндік орын алғып келген. Прозалық мысалдың дидактикалық-тәрбиелік сипаты, канондық қалпы жанрлық сипаты айқын болатын. Ал, Лафонтен мысал жанрының моральдік-философиялық мазмұнын байытып қана қойған жоқ, поэзиялық тілмен жазып, бейнелік-көркемдік қасиетті жағынан да, құрылышы бітімі жағынанда көп жаналық әкелді. Бірақ зерттеу еңбектерге қарағанда француз классицизмнің теоретигі Н.Буалода Лафонтен жаңашылдығын күптамаған.

Одан бір ғасыр кейін неміс ғалымы Г.Лессинг Лафонтен мысалдарын сынай отырып, мысалдың поэзиялық түрінің қалыптасқанын алғаш сарапал көрсетті. Алайда, мысал ғибраттық мәнді шығарма, яғни “мысал философиясы” оның негізгі “факторы” деп таныған Г.Лессинг, – поэзиялық мысалды “әдемі поэтикалық ойыншық”, жанрлық дәстүрді бұзу деп танытып, өзі прозалық мысалдар жазып, оны дәлелдеген.

Мысалды сөз өнерінің емес, философия мен шешендік өнердің жемісі деп тану да басым болды. Ал, мысал жанрындағы психологиялық екі ұдайлық,

параллелизм сиякты жанрдың стильдін элементтері сол арқылы мысалдың драматық тартыс персонаж бейнесін күрделендіріп түсіп, көркем әдебиеттің басқа жанrlарына тән ерекшеліктердің көрінетінін Л.С.Выготский дәлелдеп, жанрды осы бағытта зерттеуді ұсынды: “Мысал бүтіндей поэзияға жатады және одан өнердің ең жоғарғы формасынан көрінетін өнер мен психологиялық зандарының барлық күрделі түрлерінің таралатының көреміз”.

Рационалды бағытты ұстаған ғалымдар мысалдың басты жанрлық табиғатын айқындайтын факторы-ғибрат, сондықтан ол мақал-мәтелмен тікелей байланыста қалыптасты дей отырып, бұдан шығатын мысал жанры адамзат қоғамының дамыған сатысының жемісі деген қорытындыға келеді.

Психологиялық эстетикалық бағыттағы ғалымдардың поэзиялық мысалдың қалыптасуы барысында “ғибрат” әлсіреді, көркемдік сатиralық сарынға орын береді деген пікір тұжырымъ жанрга жаңаша қарауды талап етеді. Дегенмен, бұл бағыттағы ғалымдар ғибрат прозалық мысалдың басты факторы, қалыптастыруышы “элемент” деген сөзге қарсы шықпайды. Бірақ та, уақыт, әдеби процесс, жанрдың көркемдік даму сатысы әкелген өзгерісті құптау кезек деген ой түйеді. Демек, көне дәуірден бастап қалыптасқан қағидалар заңды құбылыс.

Ал, романтикалық бағыттағы ғалымдар А.Хаусрат, Я.Гrimm, И.Левин және т.б. Ғалымдар мысал жанрьының басты факторы әңгімелеу және персонаждардың аң мен құстан болуы дей келіп, “миф-жануарлар туралы ертегі мысал” көнцепсиясын ұсынды. Ал, ғибрат “кейіннен” адамзат қоғамы дамыған кезеңінде белгісі ретінде таныды. Белгілі ғалым, фольклорист И. Левин мысал жанрьының шығуы, қалыптасу процесsei жайында романтикалық бағытты ұстаған ғалымдар пікіріне энциклопедиялық шолу жасай келе, олардың теориялық ойландарын түйендей келе, мысалдың шығу тегі, мифтерден басталады – деп қорытады.

Жоғарыдағы ғылыми бағыттар, мысал жанры туралы теориялық ой-пікірдің ғылыми әдебиетте сан- алуан жолдардан өтіп өзіндік қалыптасу тарихы бар екендігі дәлелденген.

Зерттеушілердің дәлелдерімен тұжырымдарына келсек қайсыбірінін тарихы 4-5 ғасырға созылса, екіншісі 2-3 ғасыр төнірегінде, ал үшіншісіне толық ғасыр деп тоқтағаң жок.

Бұгінгі ғылыми әдебиет деңгейіне карасақ, кейбір өз кезінде ерекше манызды болған мәселелер қазір де әдебиет теориясына тарихына айналды.

Романтикалық бағыттағы ғалымдардың жанрдың шығу тегі, типологиясы, фольклермен байланысы турасындағы пікір – тұжырымдары бірінде актуалды. Алайда, мысал жанрьының поэзиялық түрінің саны серпілес, поэтикалық қуатын зерттеу барысында орын алмағандығы айтылған. Өйткені, жазба әдебиет дәстүрі

өз өзгешелігін әкеліп жанрды “танымастай етіп түрлендірген делінген.

Демек, жоғарыдағы зерттеулерге карап тұжырымға келетін болсақ, мысал жанрының өзіндік ерекшелігін білдік.

Мысал жанрының түрлі бағытта дамып, онда фольклордің дәстүрлі байланысы сакталып, екіншіден, әдебиет жанры болу, лирикалық, эпостық, драмалық элементтерін болуы, әрбір даму дәуірінде жаңа көркемдік шешім тауып, өзгеріп отыруы әдебиетші ғалымдармен коса басқа философ, фольклор ғалымдарына ұсынды.

Ойды астарлап айткан нәрсенің бәрі мысал бола бермейді. Мысалда оқиға сюжет болу керек: кейіпкер кимыл-әрекет жасап, пікір таластырып, өзіндік қактығыстары болу керек. Екіншіде, мысал құрылымы жағынан екі бөлімнен тұруы қажет.

I бөлімде – оқиға әдебиеттегі шешілуге, кейіпкерлер тағдыры айқындалуға, басты ой, шығарар кортынды негіз беруі тиіс

II бөлімде – суреттерден оқиғамен баяндалған хикаядан түйін жасалып, ғибрат шығуы керек.

Демек, мысал жанрының қалыптасуын өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазак мысал жанрының негізін қалап жалғастырушы ғалымдар А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Талжанов, Т. Қожакеевтер өз еңбектерінде қазақ мысалының фольклормен жалғастығына байланысина ерекше көніл бөлген [21, 22, 23].

А.Байтұрсынов еңбегінде: анайы әдебиетте болған хайуандар сыры мен адам мінезін көрсету мақсаты сыпайы әдебиетте де бар. Мақсат жағынан бір-бірінен айрылмайды. Айрылатын жері айтылуында: анайы әдебиетте хайуанның мінезі құр мысал болды да, сонымен айтуышы қанағаттанады да қалды. Сыпайы әдебиеттегі мысал мінезінің ұқсауымен катар, айтылуының әдемілігін де бірдей еске алады. Мінезінің ұқсауы қандай келісті болса, әнгімесінің де сондай келісті болуын көздейді. Мұнда ұқсату да, әнгімесінің айтылуы да – екі жағы бірдей кызығылдықты болып, тындаушыға екі жағы бірдей әсер етеді.

М.Әуезов: мысалда кейіпкердің сөйлесуі - диалогы, бүкіл әнгімелесуі, баяндау барысында тіл дәлелдігі, жинактығы өуезді үндестікте болу тиіс.

Т. Қожакеевтің мына бір пікірі күндылығымен өзіне көніл аудартады. “Мысалда жазу, ойды тұспалдап айту, идеяны аллегориялық формада беру ашық сынаудан корыккан емес, ол айтар ойды өткір, әсерлі етіп жеткізіп берудің таімді өдісі”.

С. Талжанов быттай деп өз тұжырымында көрсеткен: мысалдарды зерттеуші аудармадан тыс мысалдар, тек ұқсастықтар бар дүниелер деп қарайды. Осы

мысал аркылы айттар түйіннің барлық шығармалары да бір болғанымен, олардың оқиғаларда аз да болса айырмашылыктардың бой көрсетуі және бір ішінде әр нұсқа түрінде жайылуы емес, әр елде таралуы ғалымның, әлгіндей, бір-бірінен алынған шығармалар емес, ой ұқсастығынан туған, таным-сенімнің кейбір сәйкес жақтарын аңғартатын бір-бірінен өзге шығармалар деуіне мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында мысал жанрын зерттеу қарқынды дамыған. Әдебиет тұлғаларының өмірімен шығармашылыктарын зерттеу кезінде, мысал жанры кеңінен қарастырылған. Абай Құнанбаевтың мысалдарына өз еңбектерінде М. Әуезов, Қ. Жұмалиев сынды ғалымдар тоқталып өтті.

Ал, Дулат Бабатайұлы; Сәбит Дөнентаев; Бекет Өттөлеуов мысалдарының өзіндік ерекшеліктеріне Б.Кенжебаев, Р.Бердібаев, Б.Ыскаков, Т.Әбдірахманов сиякты ғалымдар өз еңбектерінде қарастырған [24, 25, 26].

Ғалым С.Қирабаев өз еңбектерінде С.Қебеевтің мысалдарына арнайы тоқтаған [27, 28]. Қазақ мысалының жанрлық ерекшелігі Т.Қожакеев еңбектерінде, мысал жанрының тарихы С.Талжанов еңбегінде арнайы қарастырылған.

Мысал жанрының шығу тегіне (генезис) теориясына әр жылдары А.Байтұрсынов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов секілді ғалымдар өз еңбектерінде тоқталып өткен [29, 30, 31].

Қазак халқының үлттық әдебиеті қалыптастырған әдеби дәстүр тарихында XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті жасаған мұра байлығы ерекше орын алды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, қазақ әдебиетінде ақындықтың, жазушылықтың жаңа үлгісі пайда болды. Қоғам қайраткерлері қаламгерлері, халықтың өкілі бола отырып. оның жақсы, адамгершілік қасиеттерін, арман-мұның тілегін, жырға қоса отырып, алдынғы озық елдің қатарына қосылуға шакырды.

Қазақ әдебиетінің гуманистік дәстүрлері калың халық бұқарасының патшалық езгі мен жергілікті үstem таптың, әкімдердің құлдығынан құтылуды көздеген азаматтық идеяларына негізделді. Сондыктan әдебиет мұддесі халық мұддесімен бір жерден шығып, көркем туындының ел ішінде беделі, үгіттік, идеялық әсері күшійе түсті.

Абай бастап айтқан халықтың езгі мен әділетсіздіктен күйінген, мұңайған жайларын XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет өкілдері бар дауысымен, күйзелген жүрекпен жырлады. Жалпы халықтың азаттық идеясының А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Сералин, С.Дөнентаев, Мәшіһүр-

Жұсіп Көпейұлы, С.Кәбеев шығармаларында тереңірек қойылуда осыдан. Осы қalamгерлер әдебиеттік барлық жанрмен қоса, мысал жанрларының іргесін калаған.

Қандай да болсын әдебиеттің күші халықпен, онын өмірі мен тығыз байланысты. Ұлттық әдебиетіміздің үлкен және шын мағынадағы халықтық өкілі есебінде Абайдың биік тұратыны да оның ақындығының халық өмірімен осындай терең байланыста жатыр. Ренжісе де оның ұнамсыз жайларын сынай отыrsa да. Абай туған халқынан кете алмайды. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым деп, қайрыла береді.

Сұлтанмахмұт та «Қайтейін елім, қимаймын, кия алмай жанды қинаймын дейді. Осы ақындар халық өмірінін шындығын, оның арман тілегін тіпті ондағы өздері ұнайтпайтын мінез-құлыкты сынай отыrsa да терең көрсетті. Олардың замандастары шығармащылығының халықтық күші де осында.

Демократтық ақындардың сыннының өзінде халықтың бақытты болашағын аңсау идеясы бар. Абай қазактың бойкүйездігін, надандығын, жалқаулығын сынай отырып, оларды енбекке, оқу білімге ұнедеді. Осы сыншылдық сарын мен ағартушылық идея ХХ ғасырдың басындағы әдебиетте кеңінен қойылды.

Ресейдің Қазақстанды отарлауы. Қазақ даласындағы капиталистік қарым-қатынастардың өрістеуі қазактарға қандай пайда, қандай зиян әкелгені де көркем әдебиетте айқын көрінеді. Саудаға құнығу, дүниенің бәрін сатып алуға құмарту, адам құлқының бұзылуы, патшашил әкімдердің көбеюі – Абайдан бастап аталған дәстүр ақындарының бәрінің сынға алған жайлары.

Шоқан, Ыбырай, Абай дәүірінен бастап қазақ әдебиеті ұлттық шектелушіліктен шығып, туыскан халықтар әдебиетінің жан-жакты өсеріне ұшырай отырып дамыды. Орыс, татар халықтары әдебиетінің прогресстік үлгілері. Шығыс әдебиеттерінің тәуір шығармалары қазақ тіліне аударылды.

Өмір шындығына тереңдеп барып, оның күрделі жайларын суреттеуге бет бұру, сол арқылы қоғамдық дамудын сыры жайлы ойлану әдебиеттің көркемдік мүмкіндігін көнегітті. Жаңа жанрлар туды, ескі жанрлар жаңа мазмұнмен толыкты. Абай, Шәкірім тұсында қазактың байрығы өлеңі қалай түлеп өзгергенің, оның мазмұны мен түріне қандай өзгерістер кіргенің көрсек, Сұлтанмахмұт өлеңмен жазылған романмен реалистік поэмаларының үлгілерін жасады. Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт поэзиясында азаматтық лирика басым келеді. Прозалық роман жазуға талап жасалды. Мұнын бәрі қазақ ақын-жазушыларының ескі әдеби үлгіні місе тұттай, заман шындығын жырлау талабымен бірге мазмұны мен түрі жағынан да ізденіске түскенін көрсетеді.

Қазақ әдебиетіндегі мысал жанрына келетін болсақ, қазақ қоғамы

дамуының өзіндік сұры мен шындығын жырлаған, алғашқы талантты тобы, халыкты елдікке, бірлікке, ынтымақтыққа, оқу-білім, ғылымға, еңбекке, өнерге, шақыруда әдебиеттің сикыры мен үн қатты. Халық үшін осы кезде мысал жанры өте қажет болды.

Мысал жанрының дамуы бүкіл казак поэзиясымен жаңа деңгейге көтерген казак әдебиетінің классигі Абай дәүірімен тұтасып келді. Абай дәстүрін жалғастырған – Мәшһүр-Жүсіп. Мысалды әдебиетімізде жана биікке көтерген Ахмет Байтұрсынов. Ахмет Байтұрсынов ақындығының бір кайнар көзі орыс поэзиясында жатыр. Ол орыс ақындарын беріле мол оқыған. Орыс ақындары А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, С.М.Надсонды оқып, кейбір шығармаларды аударған. Ақыннан қалған мұраның ішінде А.С. Пушкиннің «Ат» деген өлеңі, «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш» ертегілері бар. 1901 жылдан бастап Крылов мысалдарын аударып, сол негізде өзі де мысалдар жаза бастайды. А. Байтұрсыновтың мысал жанырына ден қоюының үлкен мәні бар еді. Ондағы моральдық, адамгершілік тағылымын ол казак қөғамы үшін аса қажет үлгі дел түсінді. Адам бойында кездесетін надансыздық, жігерсіздік, алауыздық, жалқаулық пен жағымлаздық, құлық пен зорлық сияқты келенсіз мінездерді сынау, шенеуге келгенде, ақын мысал жанрын таңдады. Эр түрлі аңдардың аллегориялық бейнесін беріп, олардың арасындағы түрлі қарым-қатынас арқылы ғибратты тұжырымдар жасады.

Крылов мысалдарын аудару Ыбырай, Абай тәжірибесінен басталса, Ахмет өз кезіндегі зиялды ақын-жазушылар С.Көбеев, Б.Әтетілеуовтермен катар жұмыс істеп, мысал, ертегілер аударып, әдеби казынаны байытты. Бір мысалдың өзі әр кайсысының аудармасына ілікті. Оны бір ақын өленмен аударса, енді бірі қара сәзбен аударды. Бұл тәжірибе әдебиет тарихындағы нәзирагейлік тәсілді байытты. Ұксас өмір шындығын камтып, ойға сый қосып отыратын үлгілер үлттық әдебиеттегі мысал жанрын дамуына жол ашты. Ахмет Байтұрсынов И.А.Крылов мысалдарын сюжетін сактаған мен, казак тұрмысын танытатын жана ойлар қосып молайтады. Мысалы «Қасқыр мен тырна», тұп нұскада 19 жол болса, аудармада – 76 жол. «Әгіз бен бақа» тұп нұскада 17 жол болса, аудармада – 36 жол. Баска мысалдар да осындай жолмен аударылған. Үлттық сипат тек көлемінен ғана емес, кейіпкерлер атынан да анғарлады. «Қасқыр мен мысық» мысалындағы Васька, Степан, Демьян, Трофим аттарын Ахмет Қоянкөз, Құрамыс, Қөпберген ғай, Қисық бас деп өзгертіп алды. Бұл тәжірибе А.Байтұрсыновтың аудармашы ғана емес, үлттық әдебиеттегі мысал жанрының дамытушы болғанын дәлелдейді. Ахмет мысалдарының бір тобы адам бойындаға алауыздық, мактаншактық, қайырымсыздық, тәкаппарлық, күншілдік, зорлық,

төпастық, наңдандық, құлыш, құндеңстік, үлкендең силамау, тойымсыздық, дәстыкты қадірлемеу, жалакорлық, қанағатсыздық сияқты келеңсіз мінездерді мінеуге құрылады. Кейбір мысалдарда тұтас халықтық әлеуметтік мәні бар тақырыштар (отаршылдық, әкімшілдік, зорлық пен зомбылыққа қарсы халық санасына қозғау салатын, қайрат пен жігерге, намысқа шақыратын) мәселелер қозғалады. Бұған «Қасқыр мен тырна», «Ала қойлар», «Қасқыр мен козы», «Андарға келген індет», т.б. жатады.

«Қасқыр мен тырнада» сүйекке қакалып өлгелі тұрған жерінен құткарған тырнаға қасқыр алғыс айтудын орына, өзін бас салып жемек болады. Мысалдағы оқиға желісі қөптеген мысалдарға ортақ болған мен авторлардың әр кайсысы өзінше жазуға тырысады. Ахмет мысалы ұзак кіріспеден басталады. Қасқырдың тырнаға мактау - монологін өз жанынан қосады. Мысал сонындағы:

Қиссасы Қасқыр, Тырна бөлды тамам,  
Мінездес, Қасқырменен кейбір адам,  
Басына пәле түсіп, қысылғанда,  
Жалынып - жалпаяды келіп саған...  
Қайырды қарап істе адамына,  
Карайлас өзінменен шамалыға  
Қасқырдай кара жүрек залымдарлын  
Жүрмендер түсіп кетіп тамағына, –  
деген тұжырым казакылық ұғымға сай келеді.

«Ала қойлар» мысалында жадағай зорлық зомбылық қана емес, отаршылдық саясатын зұлымдық бет пердесі ашылады.

Ахметтің тұп нұскадағы 38 жолдық мысалды 64 жолға жеткізіп аударуы өзінің айтар өйін оқырманның теренірек ұғынуына жол ашу еді. Мұнда Ахмет ақ патшаның құлқынқұмар саясатын, отар елдерді айлалы тәсілмен қанап отырғанын айтады. Арыстан – орыстың ақ патшасы, аю мен тұлқі – жақын кенесшілері, ала қойлар – бұратана халық. «Әділ» патша «ала қойларды» көргенде көзі ауыратынын айтып, олардан құтылудың жолын «кенесшілерімен» ақылдасады. Оларға өз ойын ашық айтып, беделіне көленке түспектіндей болуын сұрайды. Сонда аю:

Бәрін де ала қойдың қырсан таксыр,  
Тұқымын не бар құртып, жоймайтұғын? –  
деп, бірден жауыздық ойын жеткізеді. Оны арыстан құптай қоймайды. Сонда саясатқа шебер сүм тұлқі қойларды қасқырға бактыруды ұсынады. Арыстан бұл ақылды кабыл алады. Ақыры «қасқыр баққан койдан ала түгел ағы да аз қалады». Қойлардың таусылғаның көрген жандар оны арыстаннан емес, қасқырдан көреді.

Мысал аяғында:

Бұл сөзге дегенім жок жылар- күлер,  
Адам аз алдым болжап, анық білер.  
Көкжалдар қойшы болса, кім біледі,  
Береке ала қойға кірсе, кірер, –  
деп, Ахмет түйінді ойды оқырманның өзіне тастайды.

Осындағы саяси мәні бар мысалдың бірі – «Қасқыр мен козы». Ол түп нұсқада 36 жол болса, тәжімада 68 жол. Бұлакқа су ішуге келген козыны қасқыр ұстап алғып, кінәліп, сол кінәсі үшін жеп қоймақ болады. Козы өзінің кінәсіздігін қанша дәлелдесе де, болмай, қасқыр оны қөтеріп ала жөніледі.

Ахмет мысалдары қазак халқын бірлікке, ынтымакқа уағыздайды. «Акқу, шортан һем шаян мысалы арқылы алған жүкті үш жаққа тартқан алауыздықты тенесе, «Малшы мен масада» жылан шағайын деп келе жатқанда, шағып оятқан масаның достығын түсінбеген малшыны кінәлайды. Ақын өзін ұйқыдағы халқына достығын ұсынған масаға теңейді.

Мысалы:

Қазақ-малшы ұйықтап жатқан,  
Жыланды пәле делік андып баққан.  
Пәленін түрін көрген мен Сарымаса  
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.  
Ойлаймын осы сөзде жетеді деп,  
Қатты айтсам, сөзім батып кетеді деп,  
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді,  
Коркамын сарымасадай етеді деп.

А.Байтұрсыновтың 1909 жылы Петерборда басылып шыққан «Қырық мысал» атты жинағы қазак мысал жанырының алтын дінгегі іспеттес. Ол осы салада жарық көрген тұңғыш жинақ болатын. Бүкіл халық, әдеби орта жылы қабылдаған «Қырық мысал» жинағы 1913 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанды кайтара басылып, сол кезеңдегі мысал жанырының дамуына үлкен өсер етті. Ахан мысалдары сол кездің өзінде қазак әдебиетіндегі өзгеше құбылыс ретінде табылды.

XX ғасырдағы қазак жазушысы Спандияр Көбеевтің мысал жанры туралы айтатын болсак, ол мысалдарда жанрлық дәстүр, түрлі көркемдік тәсілдері (әңгімелеу, диалог, сатира, драмалық тартыс, т.б.). Ұтымды пайдаланады. Мысалы: әңгімелеу – «Акқу, шортан, һем шаян», «Қарға мен есек», «Асыл шөп», «Есек пен сандуғаш», т.б. Сонымен қатар, оның мысалдары тақырыптық, идеялық жағынан түрлі. Мәселен, «Маймыл мен көзілдірік» мысалының идеясы -

- әр затты өз орына пайдалану, оның қадірін, бағасын білу; «Қойлар мен қаскындар» - әлділер мен өлсіздер арасындағы құрес, халықты жақтау; «Арыстан мен тышқан», «Жапырактар мен тамырлар» идеясы – калың бұқараның бойында үлкен күш барын аңғарту.

Әрбір ұлттық әдебиетте суреткөр жанрдың дәстүрлік белгілердің сактағанмен, көркемдік форма табуда өзіндік шеберлігімен стильтік өзгешелігімен келіп, және жаңа бағытта идеялық-көркемдік шешімге келе алады, көркемдік заңдылықтарға сай түрленіп отырады. Мысалы табиғатында лирикалық, драмалық, сатираптық, комедиялық, трагедиялық элементтер ұштасын, дамып отыруы – бұл жанрдың құрделігін көрсетеді.

Стиль қалыптастыруда жанрдың өзіндік өзгешелігінің мәні зор. Сөздің колдануы шеберлігі- ақын стилінің дарындылығын танытады. Орыс жазушысы С.Соколов: «стильдің жанрға тәуелділігі мысалда байқалады» деген. Эрине стильдің кемелденуі, жарқырап көрінуі көркемдік шеберлікке байланысты. Мысалы:

- Әй, бұлбұл, сені өнші деп естіп едім,  
Сайрашы сынайын мен өзім естіп.  
Бұл жұрт сөзіне сенім бар ма,  
Сыпыртып айтқанының бәрі өсек.  
Аямай білімінді паң айлашы,  
Тындаіын мейірім қаныш болса несіп. (С.Көбеев)

Көтеріңкі, пафос, ойнақы тіл бұлбұлдың өншілігін көрсетуге арналған мен, әсіреле осы сөзді айтушы есектің толық бейнесі психологиялық жанынан ашылған.

А.Байтұрсынов: «Ақын тілі сөздің дұрыстырының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болуы жағын да талғайды», – дейді («Әдебиеттаным», Алматы, Жалын, 1991, 250 б.). Яғни мысалда әрбір сөз, тіл қолданса үлкен шеберлікті кажет етеді. Ондағы кейіпкердің сөйлесуі-диалогы, бүкіл әңгімелесуі, баяндау барысында тіл дәлдігі, жинақылығы әуезді үндестікте болмаса, сюжеттің күр сұлдері қалады. Мысалдағы драма, сатира, комедиялық, трагедиялық элементтер тілдік колданыстағы шеберлікке, дәлдікке байланысты. С.Көбеевтің тілдің қолданыс шеберлігін байқау үшін оның және А.Байтұрсыновтың «Ақку, шортан һәм шаян» мысалдарын салыстырып көрейік.

А. Байтұрсынов:

Жүк алды Шаян, Шортан, Ақку бір күн  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады Ақку кекке, Шаян кейін,

Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін, –  
деп бастап, үшеуінің жүкті үш жаққа қарай тартуын айтса,

С.Көбебев:

Бір Аққу, Шортан, Шаян бұрынырак,  
Кенесін еттім бәйт, салсаң құлак,  
Тартуға жүкті арбаны міндеттеген,  
Онаша көт басында тұрған жырак.  
Үшеуі кәдімгі дей жегілісіп,  
Қайтсе де тартамыз деп ерегесіп,  
Тырмысып бейшаралар азаптанды,  
Пайдасыз мәхнаттанып терге түсіп.  
Жөнелді шу деп Аққу көкке таман,  
Сұнқылдан үсті-үстіне достан жаман,  
Жайда да кесел шіркін жөнге жүрмес.

Тырмысып кейін қарай жатыр Шаян, –

деп үшеуінің келісіп жүк тартпак болуы, бірақ өубастан үш жаққа қарай тартуын әжуалайды. «Жегілісіп» сөзін қолдану арқылы үшеуінің бар күшін сала кіріскендіктерін әжуалайды. «Жегілісіп» сөзін қолдану арқылы үшеуінің бар күшін сала кіріскендіктеріне көрсетпек болған. «Бейшаралар» сөзімен ақын слардың «пайдасыз мәхнаттанып терге түсіп», бастарының бірікпеуінен жұмыстарының өнбей, бостан-бос азаттанып жатқан мақұлықтарды көрсетпек болған. «Сұнқылдан» сөзі Аққу дауысының ерекшелігін байқатады.

А.Байтұрсынов:

Бұларды машақаты аз болмады,  
Жұмысы орнына кеп мәз болмады.  
Тартса да бар күштерін аямай-ак  
Ақыры, жүк орынанан қозғалмады, –

деп, канша күш жұмсаса да жүкті орынанан қозғалта алмағандарын айтса,

С.Көбебев:

Тартады дем алысып кезек-кезек,  
Арбаны қозғалта алмай күдер үзіп,  
Тыптырлап суға қарай бетіменен  
Шамасы келмей жатыр Шортан шыдан, –

деп бастапқы да неде болса жүкті орынанан қозғалтамыз деген үшеуінің енді «күдер үзуін», Шортаның суға қарай «бетімен» кетуін айтып кеп тағыда араларында бірліктін жоғын көрсетпек болады. Демек, ақын осы мысалы арқылы халықты ынтымақпен бірлікке шақырды.

90-шы жылдардың аяқ кезінде Абай Крылов мысалдарын көбірек аударумен шүғылданған. Ол «Емен мен шілік», «Қазаға ұшыраған қара шекпен», «Жарлы бай», «Есек пен бұлбұл», «Бұркіт пен қарға», «Шегіртке мен құмырска», «Әншілер», «Ала койлар», «Тұлқі мен қарға», «Есек», «Бақа мен өгіз», «Піл мен қанден» мысалдарын аударған.

Крыловқа қол созуына Абайдың өз айналасына сыншылдықпен қарауы зор себеп болған. Ол өз шығармаларында аяусыз әшкерелеген ұнамсыз құбылыстарды енді мысалдың ұлгісімен сынап көрсеткен. Сол үлгімен адам бойындағы құлық-сұмдықты, тойымсыздықты, әлін білмегеннің әлегін аяусыз шенейді. Крылов суреттеген бұл тәрізді мінезд-құлық, іс-әрекеттер орыс кауымына ғана емес, қазақ шындығына да тән еді. Абай осыны көре білді. Осы жерде орыс-қазақ ақындарының ойлары түйісті. Екеуі бірігіп жалпы адам баласына ортақ әр алуан сұрқиялыштарға соққы береді.

«Тұлқі мен қарға» мысалында мақтан сүйгіш данғойлардың тұлқі мінездес куларға мазақ болуын көрсетсе, «Шырылдауық шегірткеде» ертенгісін ойламайтын жалқауларды құлқі етеді. Шегірткені әкеліп, оннан әлде қайда кіші жәндік, бірақ еңбекшіл құмырскаға бас игізеді. Мұның бәрінде адамдық намыс, әділдік үшін құрес идеясы көрінеді.

Сондыктан Абай Крылов мысалдарын өз оқушысына онай ұғымды боларлық өлең ұлгісінде аударған.

Шәкәрімнің Шығыс әдебиетімен шығармашылық жазуынан да көруге болады. Адамгершілік сапаларды аллегориялық көркемдікпен насиҳаттауды өз тәжірибесінде ақын «Бояшы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Епті тышкан» сияқты мысалдағар арқылы жеткізеді. Арғы төркіні «Калила мен Димнадан» өрбіген мысал ұлғілерін Шығыс ақындары талай нұсқада дамытқан. Мысал жандры казақ арасына ауызша да ерте тарапған. Абай дәстүрімен де, өздігінен іздену өне Шығыс әдебиеттерін оқу арқылы да Шәкәрім мысал жанрын жақсы игереді. «Қасқыр, тұлқі, бөдене» мысалындағы кейіпкерлер: өктем күш иесі – қасқыр, айлакер тұлқі, жазықсыз момын бөдене. Қасқырды тұлқі алдап, зығырданын қайнатса, тұлқыні бөдене орға жығады. Құлыктың тұбі қаза мен аяқталып, әділет женеді.

Шәкәрімнің қаламы арқылы Шығыс пен Батыстың біркатор туындылары қазақ жүртіна мәлім болады. Шәкәрімнің үлкен еңбегінің бірі – орыс мәдениетін игеру жолындағы Абай дәстүріне беріктігі. Оның ақыл тоқтатқан кездегі бас алмай оқыған рухани азығы – XIX ғасырдағы арыс әдебиетінің туындылары еді. Шәкәрім де Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Тургенев, Л. Толстой, Некрасов, Салтыков-Щедрин т.б. алыптарды оқыған. Оларды шығармашылық тұрғыдан

зерттең үйреніп үлгі тұтқан Бұл сияқты ізгі істеріне кедергі келтіруші, ұлты өзгелерді кәпір дейтін молдалармен аянбай күреседі.

Әсірес, дін, әдет, ескі сенім кедергілерін катты сынайды.

1915 жылы Уфа қаласында Сәбиттің «Уақ-Түйек» деген алғашқы өлендері басылып шықты. «Уақ-түйекке» Сәбиттің бірсыныра мысалдары кірген. Өмір шындығын түспалдап айту тәсілі оның мысал жанрына баруына да себеп болғаны байқалады. Көрші халықтардың мысалшы ақындарын (Крылов, Тоқай т.б.) окуаркылы өз таланттың үштап ол өз кезінде осы жанрдың дамуында едәуір үлес кости. Сәбит мысалдары оқырманға ғибрат боларлық жайларды суреттеп, содан тәлім алушы, үйренуді ұсынады. «Ұры мен баласы» атты мысалда ұрны баласын ертіп, біреудін бағына түсіп алма үрлайды. Баласы: «әке, көріп қойды» дейді. Әкесі: «кім?» деп сұраса, «Құдай көріп тұр ғой» деп жауап береді. Мысал үрлыкты біреу көрмейді деп ойлама, бәрі бір белгілі болады, арың алдында таза бол деген насиҳатка құрылады. Ұры да баласы сөзінен ұялып, мазасызданады.

Білмеді айтарын жазған ұры,

Ұялып, текке қарп тұрды құры.

Ұрыдан үрлық кетті мұнан кейін,

Еріген кар сектіді жазғытуры,-

дейді ақын.

«Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке» мысалдары көп халықтрана ортақ, кең жайылған сюжетке жазылған. Алайда Сәбит олардың оқиғасын қазак ұғымына лайыктап жазады. Оларды ел арасындағы өсек-аян, шағыстыру, қанағатсызық, бәсекекүмарлық сияқты жағымсыз мінездер саналады. Мысалы «Ауырған арыстан» ауырып қалған аң патшасының көнілін сұрауға барлық андар келгенде, тұлқінің келе алмай қалғаны сөз болады. Мұны пайдаланған қасқыр арыстанға тұлқіні шағыстырады. Арыстан ашуланып тұлқіні шақыртқанда; ол патшаның ауырғанын біліп ем іздең қалғанын айтып ақталады. Ол емі – қасқырдың артқы аяғының сінірі бол шығады. Сол арада арыстан қасқырды үстап өлтіріп, артқы аяғының сініріп жейді. Мысал түйінін:

Қазакта қасқыр да көп, тұлқі де көп,

Алайда жіп тақпаймыз ешкімде дөп.

Сөз жүгіртіп, шағыстырған қасекендер,

Тұлқіге қалап жатыр құлқі де бол,-

деп аяктайды.

«Көзі тоймайтын итте» сүйек тістеп көпір үстінен өтіп бара жаткан судағы өз сөүлесін басқа ит екен деп, сүйегін тартып алмақ үшін суға секіріп тұскен иттін азабын суреттесе, «Екі текеде» көпір үстінде кездесп біріне-бірі жол бермей, ерегесін, сүзісін судағы кұлаған екі текенін қылышын жазады. Екеуі де адам бойындағы канатшылдықты, кішіпейілділікті мадактайды.

Бұл айтылғандар алғашқы бет алысынан-ақ Сәбиттің казақ қоғамы дамуының көкейкесті мәселелерін жырлаған әлеуметтік ойдың ақыны болып қалыптаса бастағаннан көрсетеді.

Сәбиттің төңкерістен бұрынғы өлеңдері ішінде мысал өлең-көп. «Ібіліс пен шайтан», «Бозторғай», «Ұры мен баласы», «Ауырған арыстан», «Көзі тоймайтын ит», «Екі теке», «У жеген каскырға» тағы басқалары.

Ақын мысалдарының кейбіреулерін татар халқының классик ақыныҒабдулла Тоқайдан аударған, біразын татар орыс тілдеріндегі мысал, әнгіме, аныздар ізімен өзінше өлеңмен киыстырған, енді біразын қазақ тұрмысынан алып, өзі жазған.

Сәбит мысалдары көнілге конамды, әрі терен мағыналы, құлдіргілі болып келеді. Мұны онын «Бозторғай» деген мысалының сюжеті мен мазмұнынан көруге болады

Бозторғай тұрымтайдан әбден зорлық, корлық көреді. Соны қырғыға шакпакшы болады. Қырғиды ол бір бөденені жеп койып, тағы бір бөдененіаңдып отырған жерінде кездестіреді. Қырғи бозторғайдын шағымына құлак қоймайды. Қазыр қолым бос емес, күт, төз, жаның шықпайды деп үрсада.

Бозторғай мұны енді қаршығаға айтпакшы болып, соны іздейді. Оны іздеп келе жатып, көлде қырылыш жаткан үйректерді көреді; оларды қырған қаршыға екенін біледі. Соナン ол қаршыға мен сияқты зәбі көргенің мұнын тыңдамайды екен. бұл да момынға зәбір көрсетуші екен деп түйеді.

Деді де бір түкіріп, ұшты аспанға,  
 «Қайткенде айла табам шыбын жанға?  
 Бұлардың бәрінен де бекзат еді,  
 Барайын деп ойлады лашын ханға».  
 Көп іздеп неше түрлі бейнет көріп,  
 Оны да бір мезгілде тапты келіп.  
 Тұбінде бір теректің «бекзадасы»

Жеп отыр қаздың етін көкірек керіп.  
 «Жаным-ау» мынау біздің төреміз бе?..  
 Шынымен актық көрмей өлеміз бе?  
 Кемтарға бұлар қайтып кек әпермек?  
 Құдірет «көн» деген сон көнеміз бе?  
 Дағдырды осыны айтып торғай сорлы,  
 Жеріне барам деген барып болды.  
 Бүркітке құс патшасы, жолығуға  
 Кезіпті жер жиһанды, онды-солды.  
 Тапқанын бүркітті іздең таппағаннын,  
 Шаққанын ішкі мұқын шақпағанын,  
 Білмеймін, өлі күнгө естігем жок,  
 Жатқанын жаны тыныш, жатпағанын!...

Ақын мұнда патша үкіметінің әкімдерін келістіріп сынаған. Онын басқа мысалдары да осылай болып келеді. Сәбит мысал жанрына шебер ақын деуге болады.

## 2 МӘШΗҮР-ЖҰСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СЮЖЕТ ТӨРКІНДЕСТИГІ

Мәшһүр-Жұсіп мысалдарын таза мысал және тұспал мәнді мысалдар деп бөліп қарастырдык.

Тұспал мәнді өлеңдер: “Соқыр, санырау және жаланаш”, “Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қып сөйлегені”.”Мәшһүр-Жұсіптің ала қарғамен айтысы”. Ақынның “Соқыр санырау және жаланаш” тұспал мәнді өлеңінде шартты тұрде жинақталған үш бейненің соқыр, жаланаш саныраудың өз кемшіліктерін білмегендерін бейнелейді.

Мысалы:

Керек істі көрмейді өз басына,  
Соқыр деп салым соны сөз басына.  
Дәненені өз көзі көрмеген соң,  
Жұқтыраш соқырлығын жолдастына.

Ақынның бұл шығармасында “Соқыр” жұрт көретінді көрмейтін, ал басқалары көруі қын ұсак-түйекті алдымен көретін болып алынған.

Ал, Ахмет Байтұрсыновтың “Есек пен үкі” мысалында:

Үкілер күндіз соқыр, түнде көргіш,  
Ескең іс мәнісін білмей ергіш.  
Үкіден тан атса да айырылмайды,  
Деп ойлап: Жарыкта да жөнсілтегіш.

Көрінбейтін нәрселерді көрдім, білмейтіндерін білемін деп жөн сілтегіштерді сынап отыр.

Жалпы қазак поэзиясында бір өлеңде бір жанрлық тұрғыда жазылу бар, бір өлеңде бірнеше жанрдың төғисуы кездеседі.

“Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қып сөйлегені” тұспал өлеңінде:

Бір сұнкар тұскен екен хан қолына.  
“Сұнкар” деп лирикалық қаһарман ақын өзін айтып отырғанын көреміз.  
Құғаным бала жастан-ғылым жолы,  
Емеспе ғылым жолы-ханның қолы.  
Жазасы хан қолынан қашқандықтан,  
Ит қорлықпен қүнелтті оны-мұны

Ал, ақынның таза мысал әлеңдеріне: “Тырна мен қасқыр “, ”Сәйгелді сона бәгелек”.

Мысалдарында ақын адам бойындағы адамгершілікке жат касиеттер кайырымсыздық, канагатсыз халықтың енбегін жеушілерді сынauғa құрылған.

“Дұмшіе молда дін бұзар” деп халқымыз басына сәлде орап, колына таспих үстап жұрт үстінен күн көретін кейбір сұмакай шала сауатты қожа-молдалардың

халыкты алдап енбегін жегендерін әшкерлеп суреттеген.

Асындаі атасының даяр тамак,  
Тамаксыз ашылмайды бір күн қабақ.  
Оқымай молда, тақсыр-ай-деп,  
Қазақен көбелектен алар сабақ.  
Қазактың молдасы бар көбелектей,  
Жүреді кайда от болса төңіректей.  
Дайын жоқ, тұракта жоқ, ойсыз мисыз.  
Ұшады, тек жел болса, ебелектеп, - деп бейнелеген.  
Ал, Сәбит Дөнентаевтың “Бит пен бүрге” мысалында  
Бір күні әлдекалай келіп бүрге,  
Қонуға биттөн рұхсат ол сұрайды.  
Секіріп барды бүрге байға таман,  
Тұмсықты бара сала ол кадаған...  
Кей жемкор өз жеуімен дамытпаса,  
Батырып із салмаса, арытпаса.

Екі ақынның мысалында сюжеттік ұндеңстікпен бірге идея ұқастығын дәлелдедік. Мәшіүр-Жұсіп: “Тырна мен қасқыр” мысалында:

Сүйеккә қақалып өлгелі тұрған жерінен құтқарған тырнаға алғыс айтудың орынына өзін бас салып жемек болады. Мысалдың оқиға желісі көптеген мысалдарға ортак болғанымен автордың әр қайсысы өзінше жырлаған. Қасқырдың тырнаны мактауы ,ажалдан аман алып қалған тырнаға көрсеткен зұлымдығын ақын шебер суреттейді. Тырна бойынан мактаншактықты ,ал қасқырдан озбұрлық қасиеттердің жиынтығын көреміз.

Мен саған олжа берер ерің бе едім,  
Құтқардың сезім сыйласп ерінбедің.  
“Сыйға сый” деген маған таз басынды,  
Ауызға салып тұрып кемірер ме едім.  
Ахмет Байтұрсынов мысалы ұзак кіріспеден басталады.  
Қысқасы. Қасқыр, Тырна болды таман,  
Басына пәле түсіп қысылғанда,  
Жалынып-жалпаяды келіп саған...

Қайырды қарап істе адамына,  
Қарайлас өзінменен шамалыға.  
Қасқырдай кара жүрек залымдардың  
Жүрмендер түсіп кетіп тاماғына,  
- деп жақсылыққа жақсылық жасай алмайтын қайырымсыздарды сынай отыра, адамгершілікпен, ізгілікке шакырады.

Ақынның “Жарты нан” хикаясына келетін болсак, осы туындыда бірнеше жанрдың төғсісіп келуін көреміз. Хикаятта өзіндік идея теренділігімен өзгеше.

Адам баласын құртатын нәпсі ғой, бір адам жолда келе жатып бір сандық тауып алады, ашқа ішінен айдаһар шығады, ол сандық болмай пәле болып жабысады.

Сандыкты, ала сала, аузын ашты,  
Сап-сары көрді ішінде асыл тасты...  
Көліна алғы еді жылан болды  
Бір сәтте өсіл кетті айдаһардай,  
Таппады құтылуға қашар жолды.

Асыл тастың, айдаһардай өсуі ертегіге тән элементтер.

Жылан айтты сен қайдан душарластың  
Жай жатқан сандық едім, аузымды аштың...

Бұл жерде жыланның сөйлеуі мысалға тән құбылыс. Сонда ойламаған жерден отыз адам кездеседі, олар жабылып айдаһарға түк істей алмайды. Бұлардың да қолынан ештеңе келмейді, енді не істеймін, бұл айдаһардан қалай құтыламын деп әбіржіп түрғанда құдайдың құдіретімен бір жарты адам кездеседі.

Нандырдың талай жанды таныркатып,  
Әтіргін болды әшкере таңдай атып.  
Сөзінді әуел маған рас қылшы,  
Сандыкты қылдың мекен қалай жатып?

Осы бір сұраққа айдаһарының келеді, өсірсесе ”әтірікшісің” деген сөз жаңына батады, бір орынынан тұра алмай жанталасып, елегізіп шиыршық атады. Содан кейін жыландақ тұтін болып аспанға үшып, келіп сандыққа қайта түседі.

Алланың құдіретімен отыз кісі және бес адам құтқара алмаған айдаһардан селтендеген жарты адам көзді ашып-жұмғанша жұтайын деп түрған жерінен байғұсты құтқарып алады.

Отыз кісі кім, бес адам кім енді соған токталсақ, ақын:

Оразан отыз құнгі – отыз кісің,  
Бес кісі – бес намазың, білемісің.  
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,  
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.  
Қысылды мен болмасам шыбын жаңың,  
Дәрменін қалмап еді, құрып өлің.  
Танып қой, танымасаң, мен болармын,  
Дүниеде қылғақайыр – жарты наның.

Осы туындыда адам баласының істеген жақсылығы, қайырымды істері, Алла өзінде қайтаратының ақын шебер суреттеген.

Ал С. Торайғыровтың мысалына келетін болсақ, ақынның «Арыстан мен тышқан» мысалы да үлкен дидактикалық ой білдіріп тұр. Арыстан үйіктап жатқанда басына ойнектап мазаланған тышқанды ұстап алғып, жоқ қылмақ болады. «Таксыр, мені өлтірме, тірі жүрсем бір пайдам тиер!» деп тышқан жалынады. «Сорлы тышқан, не жақсылық қайтады сен байқұстан», саған қараған күнім құрсын деп, арыстан оған әбден құледі. Оны менсінбеді, тек «болмаста

айтып күлдіргені, көңіл ашқаны» үшін тышқанды азат етеді. Бір күні арыстан төрға түседі, кара күшке салып, босқа арылдап, әбден мatalанады. Сонда әлгі тышқан жетіп келіп, торды тісімен қып, арыстанды босатып алады. Мысалдың осындағы айтары – өзін азулы, айбарлы болсан да, басқаны кемсітпе! Нашар мен әлсіздердің де пайдасы тимес деп ойлама, олар да жақсылыққа жақсылық істей алады. Сәулесі түспес, пайдасы тимес адам жок. Осыны білмейтін кеуделерді ақын арыстан бейнесімен, қарапайым, қатардағы көптін бірін тышқан бейнесімен берген.

Мысал қоғамның жеке адамның басындағы кейбір жағымсыз жәйт, кемшілік, дерт, ұнамсыз мінез-қылышты ашық, тұра сынамай, аллегориялап сынап-мінейді. Аллегория-грекше астарлап айту, басқаша айту деген сөз. Яғни мысал - аллегория әлгідей кемшілік, дертті көбінесе адамның емес, басқа бір хайуанаттың, құстың, немесе бір заттың басында болған оқиға етіп суреттейді. Өзінің айтар идея, ой-пікірін жасырып, жұмбактап айтады. Әнгіме бір жәндік, бір зат туралы болғанымен, онын ар жағында адам бейнесі, адам ісі, адам характері тұрады.

Кейде мысал бір адамның басында болған хикая деп те жазыла береді. Бірақ мұнданың адам туралы жазғанымыз мысал болу үшін оның екінші мағынасы, астарлы пікірі болу керек. Мысалшы әлгі адамның теріс әрекет-қылышын көрсету арқылы басқа біреулердің басындағы, немесе соның тобына, әлеуметтік табына тән жөн-жосыздықты сынап-мінеуге тиісті. Яғни, адам туралы жазылған мысалдарда пікір дәл сол адамның өзі туралы емес, басқа біреулер, басқа бір орта туралы болады. Осылайша пікірді астарлап, мысалдалап айткандағынан олар да мысал деп санала береді.

И.А. Крыловтың «Суайт», «Бакташы мен философ», «Диірменші», «Екі бала», «Малышы», «Бай мен батрак» деген сиякты көптеген мысалдарында персонаж ретінде кәдімгі адамдар алынған. Бірақ, солардың іс-мінезін көрсету арқылы автор жеке бір таптар мен топтардың әрекет-ісіндегі, психологиясындағы ұнамсыз жайларды өшкөрлеп отырған. Мысалы, жоғарыда аталған мысалдардың ең сонғысында күні бойы пішен шауып, тоғай арасымен кайтып келе жатқан бай мен батракқа бір аю тап болады. Ол байдын желкесіне міне түсіп, оны дөнгелетіп ала жөнеледі. Қожайынның «Өлдім күтқар мені» деген жандаусы шығады. Сонда батрак аюды балтамен шауып, айырмен түйреп өлтіреді. Сонда жанының аман қалып, пөледен құтылғанына қуанудың орнына, бай батракқа шауып, түйреп аюдың терісін бұлдірдің деп үрысады.

Міне, мұнда үлкен астар бар, аллегория бар. Автор байдын осы қылышы арқылы жалпы үстем таптың дүние қоныздығын, жалақойлығын, жақсылыкты

білмейтінін, басына қауіп төнгенде «бастан құлақ садаға» деп қауіп бұлты арылған кездे «дүние» деп жылайтынын келеке еткен. Автор осы пікірді әлгідей етіп мысалдан айтқан.

Бір ескертер нәрсе: ойды астарлап айткан, басқаша айтқан нәрсенін бәрі мысал бола бермейді. Мысал бар да, мысалдан жазылған өлендер, шумактар, эпиграммалар болады. Жазғанымыз мысал аталу үшін онда, біріншіден, оқиға, сюжет болуға міндетті. Бұл үшін персонаждар қимыл-әрекет жасауға, пікір таластыруға, қактығыска баруы керек. Екіншіден, оның құрылымы екі бөлім, екі құрамнан тұруға тиіс. Бірінші бөлімде оқиға ілініс тауып, біртіндеп дамып, одан шарыктап барып шешілуге, персонаждар тағдыры айқындалуға, айтпак ой, жасамақ көрітындыға негіз берілуге тиіс. Екінші бөлімде сол суретtelген оқиғадан, баяндалған хикаядан түйін жасалуға, мораль шығарылуға қажет. Мысалды көп ретте әпостық дүниелер катарына жатқызуымыздың сыры да осы белгілерде жатыр.

Мысал емес, мысалдан ғана жазу Абайдан бастап, бүгінгі ақындар творчествосында кездесе береді. Мына бір туындыны оқып көрейік:

Бас білмеген тайында  
Жүре берді жайында  
Құнан шықты – құрық көрмеді,  
Дөнен шықты – ырық бермеді.  
«Омыртқанды үзейін, –  
Мініп көр» – деді.

Осы мысал емес, өйткені, жоғарыда айтылған мысал белгілері мұнда жоқ, бірақ мысалдау бар. Осында баланы жастан қатты ұстамай, бетімен жіберу астарлап, орағытып сыналған. Асау тайдын ар жағында тентек бала бейнесі тұр. Демек, бұл мысалдан жазылған сатиралық миниатюра.

Әділ баға  
Қыран бүркіт биікке шырқауда еді.  
Қораз тұрып: қой сөны,  
Таң атқаның білмейтін мылқау, – деді.

Мұнда да аллегория бар, биікке самғаған қыран мен ған іш тарлық етіп, көре алмай жерле даттап тұрған Қораздың да ар жағында адамдар харекеті бар. Дегенмен, бұл да мысал емес, онда персонаждар харекеті, одан туған сюжет жоқ. Сондыктан да бұл мысалдау әдісімен жазылған сатиралық шумақ.

Екінші ескертер нәрсе: мысал – сатираның поэзиялық жанрларының бірі де лінгленмен, XVIII ғасырга дейін ол прозамен жазылып отырған. Атакты Эзоп мысалдары, үндінің Қалила мен Димна төнірегіндегі мысалдары – бәрі де

карасөзбен жазылған.

Мысалы: тиіп кеткен жерін былғайтын Қарамайға кім жоласын, оны көргендер сокпай, айналып өтеді. Мұны, әрине, Қарамай да біледі. Жактырмайды. Бірақ амал қанша...

Күндерде бір күні шанқандай бір ак жібек көйлек жаңынан өте берген еді, Қарамай қасакана етегіне сүйкеніп кеп қалды. «Бәрі бір, Қарамай атым қалып жатқан жок. Сенің ажарыннан маған не пайда...»

Бүйтпесе, ол шіркін Қарамай бола ма!

**Ошаған**

Бәйтеге қосар алдында аяңдап жүрген жүйрік күреннің күйрығына шап етіп Ошаған жабыса кетті.

-Уә, Ошеке, жол болсын, қайда тарттын? – деп сұрады одан Алабота.

-Бәйге қосылышп, осы жолы бағымды бір сынағалы тұрмын, –  
деді Ошаған.

Бәйге аттар алысқа айналды. Шырқап барған жүйріктерге «қайт!» деген белгі берілгенде, күрен де қүйрыкты шиыра атқыған еді. Ошаған ұшып кетті де, шаңға көміліп қала берді.

Бәйгеден келгенге не жетсін... егер шабысын болса!

Міне, бұлар -- прозалық мысалдар. Оларда персонаж, сюжет, аллегориялық образ, сықақтық кекесін, ықшам да ұғымды тіл, стиль, корытынды ой-пікір, мораль бар. Қарамай бейнесімен біреуге ұрынбай, оны былғамай жүре алмайтын караниет адамдар, Ошаған бейнесімен өлін білмес әлектер, «күріш арқасымен су ішетін «құрмектер», өгіздің мүйізіне отырып алып, жер жыртып, сабан тартып жүрмін деп білетін «шыбындар» сықақталған.

Мысал – сатира мен юмордың ең ежелгі, ең көне жанрларының бірі. Оның үлгілері біздің әрамызға дейінгі VIII ғасырдағы ежелгі грек әдебиетінен жеткен. Әрине ол тұстағы мысалдың көрінісі, мазмұны қазіргі біздің мысалдарымыздың болмаған. Дегенмен, бұл жанрдың қазіргі кейбір сипат-ерекшеліктері мен белгілері сол тұстағы мысалдарда-ақ көрініс тапқан.

Біздің заманымызға дейінгі V ғасырда Эзоп мысалдары пайда болған. Олар мейлінше қыска, мейлінше ықшам да ойлы, белгілі бір дидактикалық пікірді комикалық түрде айтып беретін астарлы әнгімелер түрінде көрінген. Соның бірекеуін мысалға келтірейік:

Аш тұлқі келе жатып бұтақтан бір шеңгел жүзімді көреді. Алып жемек болады, бірақ жете алмай дінкесі құриды. Соңан сон «бұл әлі піспеген екен» деп ішінен күбірлеп жөніне кете береді.

Міне, бұл -- мысал көрінісі. Өйткені мұнда астарлы ой бар. Бұл әнгімедегі

идея – тұлқіні сынау емес, тұлқі сөйтіпті дей арқылы кейбір адамдардың бір нәрсеге колы жетпегендеге өзін жұбату үшін өлгі өзі ынтыққан затта жөнсіз кінә тағатындығын, мін коятындығын сынау.

Бұл сыйылды мысал -әнгіме казакта да бар. Бір мысық шаңырақтағы ыстаулы тұрған еткө тап болады. Аузынан сұы құрып, алып жемек бол алас үрады, бірақ жете алмайды. Сонан соң «босқа әуре болыппын, бұл сасып кеткен ет екен ғой» деп жөніне жүре береді. Мұндағы ой-пікір де, айтпак идея да дәл өлгі сияқты.

Мысалдан жазу, ойды тұспалдалап айту, идеяны аллегориялық формада беру ашық сынаудан қорыққандық емес, ол- айттар ойды өткір, әсерлі етіп жеткізіп берудің тиімді әдісі. Сондыктан да мысал жанры ғасырлар бойы ескермей, ұмытылмай, ұнемі қолдау тауып, дерпті әшкерлеудің ықпалды құралы ретінде ұнемі пайдаланылып келеді.

Қазіргі сатиравық жанрлардың біздегі ең көп жазылып жүргені – осы мысал. Оны аға және орта буын ақындар да, жас талаптар да жазады. Қара сөзбен де, өлеңмен де жазады. Сөз жоқ, бұл күнде жанрдың тақырыбы кеңейіп, мазмұны төрөндөй түсті. Көп мысалдар іс-тіршілігіміздегі, адамдар мінезіндегі зиянды дертерді, жайсыз жайларды дәл тауып сынайды.

Олар бірде басқанын ісін парыктай білмейтіндер мен өз мінін көрмейтіндерді, ойсыз, көзсіз еліктегіштер мен өзіне өзі сұқтанып токмейтіндерді көрсетсе, енді бірде барқырак өншілерді, ауырдың үсті, женілдің астымен жорғалайтындарды, әлін білмес әлектер мен бастық болса, бастан киқу кетірмейтін мазасыздарды көлденен тартады. Тағы бірде күштіні көрсе, басы жерге жеткенше иіліп, кішіпейілси калатын, әлсізді көрсе, қағып кететін есерсоқтар мен әйтеуір лауазым, кресло тигенге мәз болатын мансалқорларды келеке етеді.

Яғни ақын бірінші мысалда отпен, окпен ойнағаның өзі өледі, екінші мысалда алып мемлекетке ауыз салмақ болғандар итше үріп, далбасалап жолда калады дегенді ишараламен ескертті.

Қоғамның енбекшіл, сергек мүшелерінің зор табысын, ізденгіш әрекетін, қабілеттілік-дарындығын мактанашиб ете, достық ниеттестік сезіммен риза бола, шаттық күлкімен көрсетуге болады. Яғни кейбір сатиравық жанрларды достық өзіл сияқты әтіп, жағымды объектіге негіздел, оны сынау үшін емес, мадактау ниетпен де пайдалана аламыз

Сатиравық жанрлардың мұндай жағымды түрі де өмірдің әдемілігін, артықшылығын, адамдарымыздың жан сұлулығын шатана жырлау, мактана мадактау арқылы керітартпа құбылыстарға қарсы құрес ашады, оларды сынап-

мінеп түзетеді.

Осыны ескерген жас талаптарымыздың ұнамды образды, онын іс-қылышын мысалдай көрсетуге, жағымды мысалдар жазуға талпынуы байқалады. Бұған С.Қалиевтің «Кенес» атты мысалы – бір дәлел.

Онда ұядан ұшар балапанға әркім әр түрлі мысал айтады. Бүркіт :«Бүріп үйрен», Қарға: «Қарқылдаг үйрен», Бака: «Барқылдап үйрен», Төбет: «Үріп үйрен», Сауыскан: «Сақылдап үйрен», Күзен: «Шақылдап үйрен!», Қаз: «Қанқылдап үйрен». Шағала: «Шаңқылдап үйрен» дейді.

Балапан мұндай ақыл-кенестің бәрін де тыңдамайды. Дамылсыз самғайтын қарлығашты қызыктайды. Сол сиякты ұнемі ұшуды, ағып ұшуды арман етеді. Ол «ілесе алмай қалса да ұшады, кос қанаты талса да ұшады, шаршаса да ұшады, ақыры бәрінен де озып ұшады».

Міне, бұл мысалда балапан бейнесі, іс-әрекеті арқылы пайдасыз ақылгөйлікті жаратпайтын, өз басымен дұрыс жолды тандай біletін, жалықпас, ізденгіш жас адам дәріптелген.

Алуан такырыпқа жазылған мысалдардың ішінде сырлы ой, ықшамдылығымен, әдемі астар-аллегориясымен, жатық тіл, жақсы үйкасымен жүрекке жылы тиетін тартымдылары көп. Ондай сәтті туындыларды барлық сықақшылардан табуға болады.

Мысал жанр талабына сай, сәтті шығуы үшін бірсыптыра шарттар керек. Біріншіден, мысалдағы персонаж – ан, құс хайуанат, зат, ұсақ жәндік өз қалпында, өз бойына лайық іс-кимыл, әрекетпен көрінуге тиіс. Оларды жаратылыс, табиғатынан басқаша етіп көрсетуге, қолынан келмейтінді істей алатын етіп суреттеуге болмайды. Жансыз заттардың жүріп кетуі, көріп қоюы, естіп қоюы ертегіге ғана сыйымды. Оның ерекшелігі солай, онда бәрі де мүмкін. Ал мысалда мұның шегі болады. Бұл жанр адам мен хайуанды, жансыз затты мұлде ұқсатып жіберуді көтөрмейді.

Ал көп мысалдарда персонаждар өз табиғатынан айырылып, төрт аяқты айуан, қанатты құс болудан калып, нағыз адам болып шыға келеді. Олардың өзі, ісі, әрекеті, жағдайы, көзкарасы, ұғымы – бәрі дәл адамдікіндей етіліп суреттеледі.

Мысалы, С.Сейітовтың «Шегіртке мен күмырска», «Қорқау қасқыр», «Сона мен шіркей» атты мысалдарында қүмырска шығарма жазады, корқау қасқыр үйді-үйді аралап, шу шығарып жүреді. Шіркей мен сона қолына қағаз алып, қалам ұстап, шарт жасасып, жарысқа түседі. Бөдене күшігенге қой сойып, арак құяды.

Персонаждардың адамдандырылып жіберілген сонша, олардың орнына бір-бір кісінін атын коя салса, мысал жай сықақ өлеңге айналып шыға келеді. Өйткені

персонаждардың тек аты жүргені болмаса, әлгі мысалдардың іс-қылышы, мінезі ешбір тұспалсыз, тұра суреттелген.

Мысалдағы персонаждарға өз табиғатына, өз бойына лайық ғана іс істеп, әрекет беруді классиктер мен тәжірибелі сықақшылардан үйрену керек. И.А. Крыловтың «Жапырактар мен тамырлар», Абайдың «Есек», Сәбит Дөнентаевтың «Екі теке», «Көзі тоймайтын ит» сияқты мысалдарындағы персонаждардың іс-әрекеті қандай нанымды. Ешкайсы адам ісін іstemейді. Оларға жаратылысынан колынан келмейтін әрекеттер берілмеген. Бірақ солардың ар жағында кейбір адамдардың бейнесі тұрады.

И.А. Крылов өзінің «Квартет» атты мысалында маймыл мен есекке, теке мен аюға музыка ойнатып қойған ғой дейтіндер болар. Үніліп оқысадақ, автор әлгілерге колынан келмейтінді істеппеген, олар жиналып квартет үйимдастырмак болады, бірақ олардан ешнэрсе шыкпады деген. Олардың музыка аспаптарын қалай ұстауды, қалай тартуды білмейтінін мазақ еткен. Сол арқылы патша чиновниктерінің әлі білмей, әлек болатынын келемеждеген.

Сөйтіп мысал өмірін тікелей, тұра көрсетіп кетпеуге, айуанаттар аттары адам есімін ауыстырған шартты белгілерге айналдырылмауға керек. Эрине, мұны айтқанда, жәндікпен жансыз нәрсені персонаж етіп алуға, оны шартты түрде сөйлетуге болмайды деп отырғанымыз жоқ. Тек соның шегін, жөнін білу, аллегория, басқаша айту әдісін жете игеру қажет деп орырмыз.

Мысалды сәтті шығарудың екінші шарты – сатирик әрқашанда сөз етер болмыстын сырын дәл, ашатын персонажды тандай білуге міндетті. Халық даналығы да осыны қатты ескерген. Корқакты қоян, құлқынкорды қасқыр, момынды кой, қуды түлкі бейнесінде беретін болған. Егер біреулердің жылпостығын, құлығы мен сұмдығы мен сынау үшін персонаж ретінде не айлалы түлкіні, не сақ сауысканды алмай, момакан кой мен пәк жанды көгершінді алсақ, мысал дегенине жете алмайды. Соңғы екеуін каншалықты алаяқ, алдамшы деп жамандағанмен, жұрт сенбейді. Өйткені, бұлардың жаратылыс – табиғаты ондай емес.

Тағы бір ескерер нәрсе: мысалда тәлім-тәрбие риторикалық ақыл айту, үйт-бүйт деп белгірсу арқылы әмес, іс-әрекет, қимыл қактығыс арқылы беріледі. Автордың идеясын, ақыл-кенес үшін окушы мысалдың сюжет шешімі мен персонаждың тағдырынан анғару керек. Демек, мысал да үйретеді, бірақ, суреттеу, бейнелеу, образдар жасау арқылы үйретеді, окушы өзі корытынды жасайтын етіп үйретеді.

Ал біздің көп мысалдарымызда мынадай құрғак ақыл айту жүреді:

Даурығып босқа шуылдал,

Сона болма дыңылдал.  
 Шіркей болма ұзындал,  
 Сертінді адал ісінмен,  
 Көрсетіп шық орындал!  
 Оралған шырмауыктай әдет-ғұрып,  
 Болған жоқ әлі бізде түгел кұрып.  
 Кейбіреу сол оралар шырмауыкты,  
 Десен де: «өміріне бұл қауіпті»  
 Өсіріп, өркендетіп» асылдырып,  
 Алады құтыла алмас масыл қылып.

Мысалда мұндай түсіндірмелер мен ескертпелердің болуы шарт емес, тіпті, керек емес. Ал моралдің болуы мүмкін, қажет. Бірақ, ол әлгідей риторикалық баяндау жолдары емес, мысалдың мазмұнын қайта түсіндіру емес, оны байытып, сатириалық образды ашып, идеяны айқынданқырап жіберетін, уыт, зілі бар афористік жолдар болуға керек.

Мысал – көптен келе жатқан көне жанр болса да, болашағы зор, пайдасы мол жанр. Осыны түсінген Д.Бедный 1936 жылы мысал жанры бізде жойылып барады, оның енді мәні жоқ, ол сынайтын объекті де қалған жоқ деген бір сыншыға қатты тойтарыс берген.

Қазак әдебиетінде Дулат Бабатайұлының шығармаларының ішіндегі бір тармағы мысал өлеңдері. Ақын елге үлгі, өнеге беру, ақыл айту ниетімен үш-төрт мысал жазған. Оларда автор өтірікшілдікті, мактаншақтықты, арамдық қулық-сүмдықты, дүниекорлықты мыскылдайды. Бұл ой-идеяларды айқын жеткізу үшін ақын мысалдарын түсінікті, қызықты сюжеттерге құрады.

«Сарышымшық» атты мысал өлеңінде тандайы кеуіп шөлдеген жаман шымдық қыл-қып етіп, қорқа-қорқа барып, көлден су іше сап, зытады. Қайтып келіп басқа шымшықтарға мақтанады. Барсам, көлде дүйім күс отыр. Ортада акқу. Қөл корыған қызығыштар. Айламды асырып, соның бәріне сездірмей, үрлап су іштім, әбден шомылдым. Бір кезде қалықтап қаршыға келіп қалды. Қаз камысқа тығылды, аккулар есінен адасты, сұқсырлар суға сұнгіді. Мен ғана тырп етпей отыра бердім. Қаршыға менен қаймығып, көлге конбады. Ақыры саңғыттым да, көлдің суын арамдал жөніме кете бардым деп боседі.

Сонда бір шымшық:  
 Өзім де бұрын білуші ем  
 Қаршыға саған батқасын,  
 Ерлігіне ебі сай  
 Мақтаса сені мақтасын, –

деп бөстіртіп кояды. Сөйтеді де, ана бір көлдін түбінде балалар құрған тұзак бар. Оның айналасы – арпа, бидай. Айналды асырып, тұзакқа түспей, сол жемді теріп же, бұл сенін колыннан келеді деп арандатады. «Қаршығадан корықпаған тұзактан қорқам ба» деп мықтымсып барған сарышымшық тұзакқа түсіп, мерт болады.

Ақынның бұл мысалында екі сын объектісі бар. Бір жағынан, өтірікші мактаншақ, әлін білмейтін әлектерді келекелеп, ондайлардың тағдыры әрқашан осылай болмак деп отыр. Екінші жағынан, доссынған дүшпандар өтірік мақтап, арандатып орға құлатады дегенді айтады.

Дулаттың екінші бір мысалының мазмұны мынадай: қара қарға жем ізден жүріп, өлген үйрек тауып алады. Өзі жемей, балапандарына әкеліп береді. Олар бұл тәтті жемді қалай қолға түсірдін деп сұрайды анасынан. «Қайраты шешен қамысты көлден іліп әкетті», – деп мактанады қарға. Ата-бабамыз үйрек іліп көрген жоқ еді деп құдіктенеді балапандар.

Осының бәрін естіп-көріп түрған бір сауысқан қарғаға келеді де, қаршығаның теуіп түсірғен үйрекін жоғалтып атып, ізден келе жатқаны айтады:

Қырғиды да жұмсаңты.  
Кім де болса, алғаның  
Сол жерде мойның кый депті!  
Жемімді алған ұрыға  
Өлімнен тарт сый депті, –

дейді. Қарғаның зәресі үшады, ішкен-жегенің қайта құсады. Балапандарын шулатып тұра қашады. Үйректін қалған жемтігін сауысқан сүйрей жөнеледі.

Бұл мысалда да екі нысана бар. Қарғаның үйректі өзім ілдім деуімен тағы да өтірікшілдікті, жөнсіз мактаншақтықты келемеждеген. Онан соң корқақ, момын байғұстардың аузындағысын алдап жеп кететін сауысқан сұмларды түйреген. Ақынның мысалды:

Сауысқан кеп қазакта  
Қорқытып жейтін момынды, –  
деп аяқтауы да осы идеяны анғартады.

Бір айта кететін нәрсе: Дулаттың осы И.А. Крыловтың «Қарға мен тұлқі» мысалымен идеялас, мазмұндас. Ұлы мысалшының туындысында да қарғаның мактаншақтығы, тұлқінің құлығы айтылған. Екеуіндегі айырмашылық – қарғаның аузындағы жемін И.А. Крыловта тұлқі, Дулатта сауысқан әкетеді. Персонаж мүнда да табылып атынған. Сактық, құлық-сұмдық жағынан сауысқан да тұлқіден кем түспейді.

Қорытып айтқанда, Дулат өз заманындағы неше килем кемшіліктердің

себеп-салдарын жетे білмесе де, оны жоюдың жолдарын түсінбесе де, оларды өшкөрелеп үлкен іс істеді. Махамбет, Шерниязбен қатар, казақ сатирасын байытты, әдебиетке мысал жанрын әкелді. Сатирада өз беті, өз ерекшелігімен көрінді. Егер Махамбет, Шернияз сатирасы көтеріліс тақырыбына жазылса, көтеріліс жауларына бағытталса. Дулат сатирасының семсері ел ішіндегі әлеуметтік, тұрмыстық міндерге, жаман әдет-дағыларға қарсы сермелді. Дулат сатирасы белгілі бір ортаға тән теріс мінез, зиянды қылықтарға, жинақталған, шартты фактілерге негізделеді. Сол сиякты, егер алдыңғы екі ақынның сатирасы өзінін діттеген нысанасына қарата, арнай айтылса, жырау сатирасы дерпті суреттей, баяндай айтылды, мысалданап айтылды.

Абай дәүірінде қазақ мысал жанры өрлей түсті. Бұл тұстағы қазак әдебиетінің прогрессіл, ағартушы өкілдерінің өзі екі бағыт, екі деңгейде тұрды. Мәділқожа, Майлықожа Сұлтанқожа-ұлы, Базар жырау Өтемесов сиякты ақындар ескі діни мектептерде, медреселерде тәрбиеленеді. Білгені, естігені, көргені дін тұрғысында діни үғымда болатын. Сондыктан олар орыс әдебиетінен емес, шығыс әдебиетіне иек артты. Шығыс және ауыз әдебиетінің дәстүрінен ұзап шыға алмады. Бұрынғы толғау, жыр өситет өлең хисса – дастандар түрінде жазылды. Араб, парсы, ұнді хикаяларын пайдаланады. Үбрай Алтынсарин И.А. Крыловтың «Пустынник и медведь» мысалының негізінде «Ақымак дос атты» мысал жазған. Онда аю жақсы көретін кокайының маңдайында тұрған шыбынды өлтіремін деп салып жіберіп, онын өзін қалпактай кетірген. Яғни жақсылық істеймін деп жамандық етіп алатын олактарды, анқауларды келемеж еткен. Бірақ бұл ой-пікірді Үбрай ықшамды да қысқа, қазақ ортасына лайық етіп бере койған. Орыс мысалшысындағы ұзак баяндауларды пайдаланбаған.

Сондыктан мұны аударма емес, И.А. Крылов ізімен жазылған Үбрайдың өз шығармасы десе де болғандай. Ол бүкіл рухы, тіл, стилімен қазақ туындысына айналып кеткендей. Үбрай тағыда И.А. Крыловтың «Қарға мен тұлқі» мысалын аударған. Абай бұл мысалды жеті буынмен өлде қайда дәл берген еді. Ал Үбрай оны қара өлеңмен еркін аударған. И.А. Крыловтағы салған жерден айтылатын мораль мұнда жоқ. Тұп нұсқа қарғаның ірімшік тауып алуынан басталса, аударма аш тұлқінің тамак ізден жортып келе жатуынан басталады. Ал Абай шығармаларының бір тобы – мысалдар. Рас, оның дені – аударма. Бірақ сол аударма мысалдардың өзін қазақ әдебиетінің төл туындысындағы көруге ақымыз бар. Өйткені, олардың мазмұны, ой пікірі Крыловтікі болғанмен, баяндалу әдісі, құрлысы тыннан табылған, жаңа шығармадай етіліп жазылған.

Академик М.С. Сильченко: «Абай аударған Крылов мысалдары, тұп нұсқада қандай болса, сондай, поэзиялық шығарма, қимылды көрініс, юморлық

очерк болып келеді», – дейді. Бұл пікірмен келісуге болмайды. Крылов мысалдары түп нұскада поэзиялық шығарма емес. М.Әуезов былай дейді: “Орыс әдебиетінде мысал өлең емес... онын жол өлшеулері, өлеңге тән өзгешеліктей боп, шумакқа да бөлінбейді. Әр кездे сөйлеп айтатын ауызша әңгіме, халықтық әңгіменің нақысты, ырғакты қара сөзіне бейім келеді. Қыска қайырылған, өте мазмұнды жауаптасу, қағысулар оқиғалы желиге құрылады. Ал Абай... Крылов мысалының осы ерекшелігін көп құнттамайды. Айнымас өлшеуге бағындырып, өлең қып аударған”.

Сөйтіл өлен емес, түпнұсқа Абай аудармасында өлең боп шығады. Қимылды көрініс, ауызекі диалог, қара сөз әңгіме жана түр, жаңа сипат табады. Өзіміздің төл шығармаға айналады.

И.А. Крылов мысалдарының Абай аудармасын төл туындымыз деуге екінші негіз – олар қазақ өміріне бейімделіп, сахара тіршілігіне үйлестіріліп аударылған. Қазақ тұрмысына сай емес образдар, есімдер халқымызыңа тән бейнелермен ауыстырылған.

Мысалы «Стрекоза и муравей» мысалын аударғанда ақын инелікті шегірткемен ауыстырған. Мұның себебін М.Әуезов:

«Абай қазақтың фольклорында, жайшылық ұғымында инеліктің араласатын орны аз болғандықтан, оны әдейі оқушының ұғымына жақынырақ, қонымдырақ шегіртке етіп алған тәрізді» деп түсіндірді.

Міне, осындай творчестволық тәсілдер қолданудың нәтижесінде ақынның И.А. Крыловтан аударған мысалдарын халқымыз өзінің төл туындысында түшінна оқиды. Жылды қабылдап, жаттап ап, айта жүреді.

Бұл мысалдарда діттеген міндер – біздің қазақ қауымына да тән кемшіліктер. Шегірткедей камсыз, бақадай ақымақ, тұлкідей сүм, есектей парықсыз, карғадай өлін білмес әлек казақ аспаны астында да жеткілікті еді. Бұл мысалдарды оқығанда кей орта, көл адамдар өзін көріп, өз психологиясын танып отырады.

Абайдың «Есек» дегені – аса сәтті мысал. Мұнда кісіні дүниесіне, мал-мұлқіне қарап қадірлейтін, қолында барда паркынды біліп, дәулетің бітсе, алтынды түсіріп алғаннан кейінгі есектей қадірсіз ететін ортаны келеке еткен. Адамды мал-дәулетіне қарап бағалайтын сол қоғамды әшкереленген. Малдың жанды, дәулет-мұлікті болса, ит те, есек те мырза атаналы леген пікірді айткан. Ақын осы идеясын:

Жұрт ергені соңына  
Үстіндегі алтын ғой, –  
деген екі жолмен де анғарткан.

Сонымен бірге, Абай мұнда кейбір надандардың дүниесім ен қадірлі болып, ілтипатқа алынып жүргенін білмей, «артық, өзгеше туғанмын, сондықтан сыйлымын» деп түсінетін бейшаралығын келекелеуді мақсат еткен. Бұл ниет ақынның:

Алтын үсте жүргенде  
Сол қадірмен қөп жүрген.  
Өз ойында көк есек  
    Өзгеше тудым деп жүрген, –

деген шумағынан көрінеді. Мысалға казак тұрмысына, жалпы шығыс елдеріне тән сюжет берілген. Айтылар әдебиеттің идеяға қарай персонаж да табылып алынған.

М.Әуезов былай түсіндіреді: «Крылов мысалдарын жаксы қөріп аударғанмен, Абай сол Крылов үлгісінде мысал жазбайды. Себебі... жаманшылықтың жайын жалтарып айтпай, Добролюбов үгіттеген жол бойынша, ызалы шабытпен, тұра шабуылмен айту керек деп үғынады. Сондықтан өз бойында ажua сатираға толып келген ызалы, толқынды ойларын Абай мысалсыз-ақ ашық, анық өлеңдермен шығарады».

Қазак әдебиетінде мысал жанырын Дулаттан кейін дамытқан ақын – Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Ол көп мысалдарының сюжетін Шығыс әдебиетінен алған. Оның «Тоты құс» мысалының сюжеті «Калила мен Димнада» кездеседі. Онда өзен айырығындағы аралды мекендейтін қос totы. Өсіп-өнбекті ниет қылады. Мекиен totы ұяны бұл аралға салмайық, су тасыса балапандарды ағызып кетер дейді. Қораз totы өркөкіректеніп көнбейді. Сонда анау Гаршиннің «Саяхатшы бака» мысалын әңгімелейді де, жанашыр екі үйректің тілін алмай, опат болған сол бақаның кебін киіп калмайық деп ескертеді. Қораз сонда да көнбейді. Ақыры, мекиен totының айтқаны келіп, балапандары апатқа үшyрайды.

Мұнда ақын казак ішіндегі «өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғыс атқандарды сынаған. Идеясын:

Құдая, бейакылмен қылма жолдас,  
Достың тілін алмаған адам онбас, –  
деп түйген.

Ақын «Калила мен Димнаның», «Қарға, кептер, атжалман, тасбака, киік» деген бөлімінің сюжетімен «Қасқыр атты» мысал жазған. Тұп нұсқада мерген анға шығады. Киік атып алып, арқалап үйге қайтады. Алдынан бір қабан қарсы келіп, оған тұра ұмтылады. Мерген жан сауғалап атып салады. Жараланған қабан ышқынған мергенді жарып өтіп барып күлайды. Үш өлікке аш қасқыр тап болады. Мол дүниені құдай берді деп, үнемдеп жегісі келеді. Бүгінше садактың

бір басы қасқырға сарт ете түседі. Сөйтіп ол қанағатсыздықтың күрбаны болады.

Майлы өз мысалында нысапсыздықты, көзі тоймастықты әшкерлемек болған. Осы идеяны өткір де әсерлі етіп жеткізу үшін тұп нұсқадағы кейбір сөттерді өзгертіп, тиімдірек етіп алған. Мысал үнді әңгімесіндегі мерген ешбір кінесіз етіліп көрсетілген, оған қабан ұрынған. Ал, Майлыда мерген киікке қанағат қылмай, одан соң «түлен түртіп қабан аулайды». Сөйтіп киік те, бұйырмай калады. Осылайша, ақын қанағатсыздықтың акыры неге апаратынын әрі мергеннің, әрі қасқырдың тағдырымен көрсетеді.

Сол сияқты түйнұсқада кермесі үзілгенсадактың бір басы қасқырдың алқымына тиеді дейді. Бұдан көкжалдың өле кетуі мүмкін бе деп құдіктенген ақын оны қасқырдың ең талмау жері – тұмсығына тигізеді. Мысал сонында автор:

Қызығы бұл дүниенің балдан тәтті,  
Кеуілге бек сактағын қанағатты, --  
деген мораль айтады.

М. Сұлтанқожаұлының «Анқау мен арамза» мысалының сюжеті де «Калила мен Димнадан» алынған. Сауданы кәсіп еткен екі кісі, бірі анқау, бірі арамза, тапқан пайдаларын бөліспей керек уақытында алып тұрамыз деп талдың түбіне көміл қояды. Артынша арамза серігіне көрсетпей казып алып кетеді. Дау туады. Іс казыға жетеді. Ұры қуаға тартамын деп әкесін қазаға ұшыратады. Мысалдың моралі:

Еш адам байым айды ұрлықпенен,  
Момын адам байиды шындықпенен.  
Басы жақсы болса да, түбі жаман,  
Білсөң де жолдас болма сұмдықпенен, --  
деген шумакта жатыр.

Майлының бұлардан басқа «Үш жігіт», «Бұлбұл» атты мысалдары бар. Бірінші мысалда өмірі жарымай, кісі есігінде жалданып өткен ағайынды үш жігіт жер жыртып жүріп, бір құмыра алтын тауып алады. Мұны бірінен бірі қызғанады. Жеке иеленбек болады. Ақыры бір-бірінің көзін жойып, алтын арттарында калады. Мұнда қызғашақтықтың, опасыздықтың, дүниекорлық пен ынтымаксыздықтың өмірде қауіпті дерт екені аңғартылған. Бірлік, татулық уағыздалған.

Ал «Бұлбұлда» И.А. Крыловтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалының шікір идеясы бар. Мұнда да қыс қамын жазда ойламайтындардың бейкамдығы, салақтығы, «қызықпен жүріп жазды алуы» сыққаталған. Шырылдауық шегіртке сияқты,

Бір бұлбұл бауда өмір сүрген екен,  
Саясын ол гүлдердің кылған мекен.  
Азаннан кешке дейін ән шырқаумен  
Сауық пен сайран құрып жүрген екен.

Осымен жаз өтеді. Бір күні казан ұрады. Жайнаған алуан түрмен «Гүл қалмайды», «Жайқалған жасыл орман – бұл қалмайды», «Бұлбұлда бұрынғыдай құй қалмайды». Енді ол шегірткенің кебін киелі. Ақын сөзімен айтсак:

Күшті жоқ сайрап әнге салатұғын.  
Болмапты амал ауқат табатұғын.  
Бұлбұл да аштаң өлер халге жетті,  
Ең жерде пана болмай баратұғын.

Сейтіл XIX ғасырдың аяғына қарай қазақ мысалын Абай орыс мысалдарын аудару арқылы байытса, Майлықожа Шығыс сюжеттерін мысалға айналдыру арқылы байытты. Майлы бұл жанры үнемі 11 буынды кара өлеңмен жазды. Мысалдарын көлемді етіп, кейбірін хисса-хикая, дастан дәрежесіне көтерді. Яғни, әдебиетке сюжетті сатиralық поэмалардың алғашқы көрінісін келтірді.

Ал енді Тұрмағамбет Ізтілеуовтің шығармаларында мысал жанрыда баршылық. Мысал жанры ғибрат өсиетті Шығыс ұлгісіндегідей жеткізуді тиімді деп түсінген. Ақынның туындыларында, бір жағынан, жеке адамдар басындағы кеміс-кемшінді іліп-шалса, екінші жағынан, басканы одан бездіріп, ғибрат айтып отырады. Мұсабек Байзакұлының «Тышқан мен түйе» мысалында әл-шамасына қарамай кисынсыз мактанатын гүпілдектер сықақталған. Түйенің бүйдасына жабысып ат:

... иығым қандай күшті!  
Күшпен тартып істеймін әрбір істі.  
Иықтың күштілігі бұл емес пе?

Таудай түйе қаңбақтай болып үшты, –  
деп кеүіп келе жатқан тышқанның кішкентай арыктан өте алмай шонқайып, отырып қалуында осы сын жатыр.

Сол суға тышқан «Сүйреп келе жатырмын» деген түйе түсе қалғанда, оның тізесінен де келмейді. Тышқан жөнсіз гүпілдеп кеткенін сонда ғана түсінеді. Мұнымен «әлінді байқа, шамана қарай дырылда, кімнің алдында қалай бөсерінді біл!» деген ғибрат айтылған.

Кей жаман, кей надандар ішіп-жеп бүйірі шықса, есіре, екіліне бастайды. Айқай-сурен шығарып сыр алдырады. Ақыры дәулеттен айрылады. Молда Мұса «Семірген есек» атты мысалымен осындай коны көтеріліп, жал бітсе, «Құдайын

ұмытып кететіндерді» сілейткен. Жұрт жамылған терісіне қарап, жолбарыс деп біліп, еркінсітіп жібергенде, есектің ақырып қойып сыр алдыруы, елдің оны баубақшадан күйп шығуы – сондайлардың қылышын келекелеу.

Мысал ғибраты: болжсан – тойсан, асып таспа, өзінді бір қалыпта ұста!

Шайырлар мысалдарының бір сарасы таза дидактикалық мысал болып келеді. Бұған молда Мұсаның «Тұзу терегі», Тұрмамбеттің «Төрт досы» – дәлел. Бұларда сықақтау идея да, сықақтау үшін алынған нысана да жоқ. Олар тек өнеге беріп, өсиет айтуды кәздеген. Мәселен, бірінші мысалдағы кемпірдің тұзу терегін патшаның кеп ақша беріп қалап алуымен әділік, туралық әрнәрсені-ақ наркын көтереді, тұзу болып жөн жүрсендер, азбайсын, кор болмайсын деген ғибрат айтылған. Ал екінші мысалда төрт достың бірі – киік ауға түседі. Оны құтқарып алу мақсатымен екінші дос – тұлқі адамды алдаусыратып алысқа әкетеді. Үшінші дос – қарға, төртінші дос – тасбақаны ертіп әкеleiп ауды киғызады. Киікті босатып алады. Мұнда бірлік, татулық насихатталған. Өзара көмек бар жерде өлмек жоқ; адамдар да әлгілердей бір-біріне сеп, сүйеу болуға керек деген кенес берілген.

Шығыс стиліндегі ақындар мысалдарын бірсызыра ерекшеліктері бар. Біріншіден, оларға көбіне араб, парсы, ұнді әдебиетіндегі дайын сюжетер арқау етілген. Кейбірі діни наымға негізделіп, діни хикая етіліп жазылады. Молда Мұсаның «Қайырымды қыз бен қайыршы» мысалынан бұл айқын көрінеді. Диуанаға жасырып құлше бергені үшін саран бай өз қызының колын шауып тастайды. Артынан «алланың әмірімен» қызға кайта қол біtedі.

Мұнда жақсылық еткені үшін жазаланғандар кор болмайды, кем болмайды деген пікір жатыр. Мысал жүргітты адамгершілікке, ізгілікке, қайырымды, мейірімді болуға діни тұрғыдан үндейді.

Екіншіден, казак әдебиетінің дәстүрінде тұлқі қу-сұмның, опасыздын, карға ақылсыз даракының, тасбақа асықпас шабанның персонажы ретінде колданылатын. Ал Шығыс үлгісінде жазылған мысалдарда бұл дәстүр сактала бермейді. Жоғарыдағыдай, тұлқі досқа опасыздық емес, адалдық жасайды, өз басын қауіп-катерге қияды Қарға болса, киын қыстау сәттерде қолға түскен киікке жәрдем беруге жарайды.

Сөз болып отырған кезенде шайырлар басқа елдердің сықақ дүниелерін аудару мен айналысқан. Мақыш Қалтаев орыс, татар және Шығыс әдебиеттерінен он шақты мысал аударған. Бәрінде де қажетті мораль, ғибрат бар. Мысалы, «Сүтке түскен тышқан» деген мысалда әрекет істе, қимыл жаса, әрекет қимыл әркашан қыншылықтан, қауіп-катер, азаптан құтқарады деген өсиет айтады.

Ал молда Мұса И.А. Крыловтың «Пустынник и медведь», өзбек шайыры

Мұхаммед Шәріп Гүлханидың «Ағаш пен маймыл» атты мысалдарын қазақшалаған. Бұл арқылы да ақын қазақ жұртына өсiet өнеге тараткан.

Мәселен, соңғы мысалда маймыл ағаштың сына тұрған жарықшағына құйрығын тығады да, сынаны суырып тастайды. Сол ақ екен, маймыл «шаж!» ете түседі. Құйрығы қысылып, құлышадағы дауысы шығып жатқан оны адам токпакпен ұрып өлтіреді. Мұнда өлерінді біл, әлінді білмей әлек болма деген нақыл жатыр.

Жоғарыды аталған мысалдардың бәріне тән кейбір кемшілік бар. Ол – шұбаланқызық, өлеңдік құрлысындағы олпы солпылық, тіліндегі шұбарлық. Бұл кемшіліктер ақындардың ауыз әдебиетті дәстүрінен шыға алмағандығынан деуге болады.

Ал «Көк өгіз» мысалында өз орта, өз жора – жолдасынның паркын, қадірін біл. Эрқашан солармен бірге бол, не көрсөн де, бірге көр! Аман болу, жаман болу соларға да байланысты деген ой айтывады. Осыны ескермеген көк өгіз сиырларды тастап, жылқыларға қосылады. Бір күні табынға қасқыр шабады. Жылқылар бет-бетімен аңдыздай жөнеліп, өгіз қасқырлар қамауында қалып кояды. Сонда баяры өзі тастап кеткен сиырлар келіп, оны құтқарып алады. Міне, бұл сюжетте әлгі ой жатыр. Ақынның «Кеше тұнгі тұс, бүгінгі іс», «Кешегі қүндей тұсті бұлт басқан», «Соқыр ағаш», «Сарақанның жаңбыры» өлеңдерінде де ойпікір аллегорияланып айтывалған.

Корыта келгенде, С. Торайғыров Абай, Мәшһүр-Жүсіп дәстүрін дамыта отырып, жана дәүір, жаңа жағдайда қазақ мысалын тағы бір белеске көтерді. 20 ғасыр басындағы ұлттық мысалдың дамуына үлкен үлес қосқан тағы бір ақын – Сәбит Дәнентаев. Ол:

Ұмтылайық оқырға,  
Айналмай көр-жер коқымға.  
Жара бөлшің ұлғаймай,  
Дәрі іздейік қотырға. –

Деп, оку, білім алу проблемасы мен өмір-тіршіліктегі кемшіліктерді сынап түзету міндетін қатар қойған. Оның «қотыр» деп отырғаны – сол тұрмыстық, қоғамдық кемшіліктер, дәрісі – сатира.

Осы мақсатты шығармашылығының идеалы еткен С.Дәнентаев революцияға дейін-ақ қоғамда, өмірде, адамдар мінезі мен ісінде кездесетін міндерді сынап-сыққаңтаған бірсыныра шығармалар туғызып тастаған. Оларының кәбі – мысал. Ақынның мысалды көп колдануын оның таланттының мысалға бейімдігінен, бұл жанрды ұнатуынан, аллегориялап, мысалдалап айту оның таңдаған әдіс-тәсілі болғандықтан деп түсіндірген жөн. Сонымен бірге, оның

мысалшылдығының сырын көтерген тақырып, қозғалған мәселелерінің сипатынан іздеуіміз керек. Сәбит революция алдында, негізінен, бостандықты ансау, тендік іздеу идеясын алға тартты. Осы идея еркіндікке жол бермей, тұсау болып отырған патшалық қоғамдық құрылыштың өзін әшкереleуге мәжбүр етті. Ақын өз сатирасымен әлеуметтік кесір-кесаптарға ауыз салуға тиіс болды.

Мысалы, бірде ол патша үкіметінің ой айтып, пікір білдіруге жол бермей, сөз бостандығын қысып отырғанын әшкереуді ниет етті. Бірақ, «патша үкіметі осылай етіп отыр» деп ашық айқайлау ақылсыз батырлық еді. Сондықтан бұл шікірді ақын астарлап, жанамалап қана өткізді. Еркін сөйлеуге құқынан айыралған жұртты, өзі сияқты ақындарды тілі қырқылған бұлбұл, патша цензуralарың бұлбұлды еркін сайратпай, сакау етіп қойған жыртқыш қаршиға бейнесіне берді. Ел мен өзі ансаған тендік, бостандықты бұлбұл құштар болған қызыл гүлгө теңеді.

Қорыта келгенде, мысал өлеңдердің Батыс-европалық үлгідегі ақындық мектептермен өзара байланысын талдай келе, олардың арасындағы сабактастықты дәлелдедік.

## З МЫСАЛ ӨЛЕҢДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы өзіндік өрнекпен, мысал өлеңдерін шеберлікпен дәріптеген.

Атап айтқанда «Мәшһүр-Жұсіптің тырнамен айтысы», «Мәшһүр-Жұсіптің ала қарғамен айтысы», «Сәйгелді, сона, бөгелек» туралы, «Тырна мен қасқыр», «Сокыр, санырау және жалаңаш», «Мәшһүрдің өзін-өзі ертегі қып сөйлегені» деген мысалдары бар.

Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының және Ахмет Байтұрсыновтың «Қасқыр мен тырна» мысалын салыстырып көрейік.

А.Байтұрсынов:

Бір қасқыр сапар шекті елден жырак,  
Неше күн таппай азық қалды жырап.  
Жемдіктің жақын жерде исін сезіп,  
Қасекен келе жатыр соған қарап.

Мәшһүр-Жұсіп:

Бір қасқыр сапар шекті елден жырак,  
Неше күн таппай азық қалды жырап.  
Жемдіктің жақын жерде исін сезіп,  
Қасекен келе жатыр соған қарап.

А.Байтұрсынов:

Қасқырдың кім білмейді қомағайын,  
Көнілден жемтік көріп кетті уайым.  
Келді де бір сүйекті салды ауызына,  
Шеткері бұрынырак жаткан дайын.

Мәшһүр-Жұсіп:

Қасқырдың кім білмейді қомағайын,  
Көнілден жемтік көріп кетті уайым.  
Келді де бір сүйекті салды ауызына,  
Шеткері жырағырак жаткан дайын.

Ақынның мысалында тақырыбында бірдей ұндастік идея да бірдей. А.Байтұрсыновта мысалдың екінші шумағындағы «бұрынырак» сөзін Мәшһүр-Жұсіпте «жырағырак» деп берілген. А.Байтұрсынов осы мысалды 15 шумақпен жазса, М.-Ж. Көпейұлында 11 шумақпен жазған. Екі ақында «Садақа бастан құлак» деген мақалды колданған «Тырна мен қасқыр» мысалында, сүйекке қақалып өлгелі тұрган жерінен күткарған тырнаға алғыс айтудың орынына өзін бас салып жемек болады.

Мен саған олжар болар ерін бе едін,  
 Құтқардың сөзім сыйлап ерінбедін.  
 «Сыйға сый» деген маған таз басынды,  
 Ауызға салып тұрып кемірер ме едім.

Қасқырдың тырнаны мактауы, ажалдан аман алып қалған тырнаға көрсеткен зұлымдығын ақын шебер суреттейді. Тырна бойынан мақтаншактықты, ал қасқыр бойынан озбыр қасиеттердің иесі екенін көреміз.

Эзоп пен Федр қалыптастырыған мысалдардан «Тырна мен қасқыр» мысалының сюжеті алынған екенін зерттеу кезінде білдік.

«Сәйгелді, сона, бөгелек» мысалында  
 Қазақтын хакқа мағлұм білімі азы.  
 Арсалан, әр коянды қуған тазы.  
 Сәйгелді қуған сиыр сақылданып,  
 Жүреді шапқыласып қысы-жазы.  
 Болады: киім киіп, белін бұған.  
 Өнердеп қазақ қолды ерте жуған.  
 Дағаға, қалаға да шапқылайды,  
 Түйедей тайрандасып сона қуған.

«Дұмшеле молда дін бұзар» деп халқымыз басына сәлде орап, колына таспих ұстап жұрт үстінен күн көретін кейбір шала сауатты кожа молданың бойындағы мақтаншактық пен даңғойлық мінездеп әшкерлеп суреттеген.

М.-Ж. Көпейұлы мысалға шығармашылық даралық пен келген жанашыл ақын. Ақын мысалдарының бір ерекшелігі – оқиға құрылуы. Мысалдың ерекшеліктері әлемдік белгілі сюжет мазмұны терендете мысалды драмалық сипатты шығарма деңгейіне котеруінде. Драмалық тартыстың ширактылығы, кейіпкердің сөзінің ұшқырлығы.

Ал, «Мәшіүр-Жүсіптің ала қарғамен айттысы» мысал өлеңінде қарға өзінің не себептен қарғыска ұшырағанын түсіндіреді. Кемені тышқан тескенде жылан бүкеге түсіп, жатып алып, сол тесіктен су жібермейді. Кейін сол үшін сыйакы талап етіп «Кәне, еті тәтті мақұлық қайда?» – деп, өтініш жасайды. Нұх пайғамбар тапсырмасымен мұны айқындау үшін алдымен қарға жіберіледі. Қарға құрлық жерді алдымен тапса да, жемтікке тойып тапсырманы ұмытады. Ол кешіккен сон, сонынан үшқан қарлығаш қарғаның ен тәтті деп адам етін атағанын естіп, адамға жаны ашып, айтқызыбау үлін қарға тілін шоқып алады. Пайғамбар алдына барғанда, қарға тілі кемсін болғандыктанда, не түйгенін айта алмай калады.

Ақын мысалдарында драмалық тартыстың, кейіпкердің сөзінің ұшқырлығы, олардың репикалық қарама-қарсылықты айттыстарды ширата ербуі

осынын дәлелі.

Сонымен катар, ақын бір топ мысалдарды сюжеттік жүгі, айтылар мақсатына қарай ойды тапқарлақпен нақтылай, өсiet етуді мақсат еткен.

Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының мысалдары сан алуан. Ойшыл ақын халық қамын ойлаған. Көтерген мысалдары жана идеялық сипат дарытады. Ақынның өмірімен қызметінің бір салмақты саласы-мысалдары. Шығыс ақындарының Алла, Адам, Ата, Мұхаммед пайғамбарды жырлаудағы дәстүрін алға апарып, өзіндік өрістеткен Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы XIX ғасырдың соны мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті дамуына өзіндік салмақты бейне ұғымдарыныңда тұптәркіні шығыс шығармаларында екені белгілі. Адамның он сипаттары: қайырымдылық, жомарттылық, кешірімділік, кішіпейілдік, ғылым білім, іздеушілік, ар-ұят сабыр сактаушылық т.б. болса, теріс сипаттар: меммендік, сараптылық, ңайдакұнемділік, өсімкорлық, өтірікшілік, зиянкорлық т.б.

Бәрінің бастау көзі шығыс әдебиетінде жатқаны және сол әдеби дәстүрді Мәшһүр-Жұсіп дамытып отырып өз шығармаларында яғни мысал жанрында шебер қолданған.

Ақынның мысал жанрының көркемдік ерекшелігіне келетін болсак, өзі суреттеп отырған құбылысты нақты, дәл берерлік сөздерді орынды қолдануында. Осы орайда жоғарыда талданған «Тырна мен қасқыр» мысал өлеңінен көркемдік ерекшелігіне тоқталайық.

Кемірді калыбынша жұтып қалды,  
Тамакқа бармай сүйек тұрып қалды.  
Қакалып, дем ала алмай сасканынан,  
Алақтап жан-жағына көзін салды.  
Қадалды жүрмей сүйек тамағына,  
Болмады әртүрлі еткен амалына.  
Жанынан құдер үзіп түрган шакта,  
Көзіне көрініпті жалғыз тырна.

Қасқырдың комағайлығын, оның іс-әрекетіне айырықша көніл бұрғызып, барлық болмыс-бітімін, әнық көрсеткен.

«Алақтап жан-жағына көзін салды» дегеннен қасқырды үрей билеп, коркыныш бой алдырғанын байқаймыз. Сонда М.-Ж.Көпееев «алақтау» сөзін жайғана қолдана салмай, белгілі бір енгізіп, құбылысты нақты ашып көрсететін сөзді тіркестіріп пайдаланады.

М.-Ж. Көпейұлының мысалшы ақын ретіндегі шеберлігін де оның мысалдарының тіл байдырынан көрінеді. осы мысалда еркін, кен тынысты басталған баяндау интонациясы жолаушының сандыққа кездесуі тосынан келген

қауіпті, ары қарай оқиғаны шебер суреттеген.

Ақын «-калды, -састы, - басты, -қашты» деген етістіктерді колданып бүкіл ситуацияның көз алдымызыға әкеледі. Және бір сөзді қайталамай мазмұн мен бейнелілік қуатына сай етістіктерді ұтымды қолдану сөз дәлелдігін терең шеберлігін белгісі.

Мысалдағы кейіпкерлердің характер ашып көрсету үшін де халықтық тілдік – сөйлеу дәстүрінде жиі кездесетін ұлттық бояуы айқын сезілетін тіркестерін тандалап ала білген.

Мәшіүр-Жұсіп мысалдары адам бойындағы адамгершілік касиеттерге жат алауыздық, мактандық, қайырымсыздық тәкәпарлық күншілідк, зорлық, қанағатсыздық сияқты мінездерді мінеуге құралады. сол мінезді сынай отырып соған қорытынды жасап береді.

Асындай атасының даяр тамак,  
Тамақсыз ашылмайды бір күн қабақ.  
«Оқымай молда, тақсыр-ай» – деп,  
Қазекен көбелектен алар сабак.  
Қазактың молдасты бар көбелектей,  
Жүргегі қайда от болса төніректей.  
Дайын жок, тұракта жок, ойсыз, мисыз,  
Ұшады, тек жел болса, ебелектеп,  
– деп бейнелдейді.

Ақын шеберлігін әйгілейтін белгі сөзді орынды қолдануда. Суреткердің шеберлікті танытар арналары сан алуан. Соның бірі сөз мағынасын кенектүү, сөзді ауыспалы мәнде қолдану арқылы тың, күрделі тіркестердің жасау тәсілі. мәселен «сор» деген сөзді дерексіз ұғымды тұра мағынада ауыспалы мағынада да қолдануы. Яғни метафоралық тіркестер жасалуы. Сонымен қатар «көз» сөзі ауыспалы мағынада қолданумен бірге екінші ұғыммен шектесуі арқылы үшінші бір жаңа сипатты сөз өрнегін тудырған. Мәселен, дерексіз ұғым ақылдың көзі болмайтыны белгілі. Сөздерді қолдану арқылы күрделі бейне жасалып тұрады. міне, осыдан Мәшіүр-Жұсіптің сөз қолдануын байкауын болады. сонымен қатар осы мысалда талдау кезінде ақынның «от» сөздерін орынды да жие қолдануы

### Мысалы

Сәйгелді қондың сиыр сауырын,  
От тисе байқатпайды бауырына десе,  
Екіншіден:  
Қазактың молдасты бар көбелектей,  
Жүреді қайда от болса төніректей.

Сонымен катар «көбелектей, ебелектей» деген тенеулерді орынды колданған.

Ушіншіден:

Арсалан, шапқыласып, тайрандасып деген сиякты жүріс түрлері де окиғаны бейнелейді.

Ақын өз мысалдарына өзіндік ой-тұжырыммен өсиет айтып отырған. Әр мысалдарында адалдықпен ізгілікті, ар мен жан тазалығын, әділдікке ерекше сипат береді. Жалпы мысал-өлеңдері сюжеті қызық әрі қоғам көсемдерін өшкөрлеген өткір де зілді мысқылға толы көркем шығарма.

Ақынның мысалдарында көркемдігін танытар бір қыры – айтар ой-толғамын макал-мәтел мазмұнымен астастыру тәжірибесі:

Кеп құстың “Жүрүші, жүр!” – деп тынышын алдым,

Көрінсе кайда қора қиқу салдым.

Макал бар: “Беймазаның түбі – наза”,

Кепке жақпай қаңғырып босқа қалдым.

“Мәшіүр-Жұсіптің тырнамен айтысы”

Немесе:

Біз неге есен болмаймыз ел аманда?

Әркім аман тұрмақшы он заманда.

Келген дәулет өмес пе, кеткен – бейнет,

Өзің де айт: “Хатайық тыныш, жұрт аман ба?”

Ақын ғибрат, өсиетті мысал өлеңімен жеткізуді тиімді деп карады. Сөйтіп, ақын өз тұсында саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық істерге, ұсыныс жасап, көз қарасын білдіріп отырған.

Мәшіүр-Жұсіптің мысал өлеңдері үнемі сюжеттен құрылған. Оны жоғарыда талданған мысалдан көреміз.

Мәшіүр-Жұсіп мысалдарының кай-қайсын алсақта, әрбірінің бойында тек кана мысалға тән көркемдік ерекшеліктермен катар философиялық терендік, ұлы ақынның ақындық шеберлігі не, шүрайлы тіл байлығына қанақ боламыз. Ақынның мысал такырыптары әр түрлі. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік ой астаса келіп, ақынның стильдік даралығын танытады.

Дәстүр мен даралық қуатының бірлігі стиль қалыптасуы процесіндегі маңызды факторлар. Сондай-ак, мысал жанрының астарлап, пернелей жеткізуі туралы көптеген ғылыми болжамдар бар. Мысалдың осы бір жанрлық ерекшілігі туралы ғалым Темірбек Қожакеевтің мына бір пікірі күндылығымен өзіне көніл аудартады. ”Мысалдан жазу, ойды тұспалдаپ айту, идеяны аллегориялық формада беру ашық сынаудан корықкан емес, ол айтар ойды өткір, әсерлі етіп

жеткізіп бөрудің тиімді әдісі”. Сондықтан да мысал жанры ғасырлар бойы ескірмей, ұмытылмай, ұнемі колдау тауып, жағымсыз көріністі әшкерлеудің ықпалды құралы ретінде гайдаланып келді. М.-Ж. Көпейұлының мысалдары халық өмірімен өмір шындығымен үштасуда. Рухани ғасырлық казына. Оның мысалдарының танымдық, тәрбиелік мәні сол шындығы мен халыктығында.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазак әдебиетіндегі мысал жанрының қалыптасуы, Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының мысал өлеңдеріндегі сюжет төркіндестігі зерттелді. Мәшһүртану белгілі бір жылдар аясында ғана емес, сан ғасыр бойы сан қырынан зерттеуді талап ететін құнды шығарма. Сонын ішінде шағын жанр болсада шалкар шындық сидырған мысал жанры. Ақынның мысал өлеңдері адамгершілікке, әділдікке, тұрашылдыққа, өнер-білімге уағыздалған.

Магистерлік жұмыста койылған мақсат-міндеттер өз үдесінен шыкты. Жұмыс күрылымы өз талабына байланысты іске асты. Жалпы, Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлы, шығармаларында, мысал өлеңдердің алатын орыны ерекше деуге болады.

Мектеп бағдарламаларында, оқулыктарда ақын мысал өлеңдері енбеген. Сондыктанда осы мәселелерге орайы келсе мектеп оқушыларына таратудын пайдасы өте зор. Бұл зерттеу енбегімізде әдебиет саласындағы күрделі міндеттің бірі казак мысал өлеңдерінің батыс-европалық үлгідегі өзара байланысын зерттеу, олардың арасындағы сюжеттік сабактастықты саралау мәселесі.

Мәшһүр-Жұсіп Көпейұлының мысал өлеңдері өлем әдебиетімен тамырласып жатқанын зерттей келе, әдебиеттегі ұлттық және жалпы адамзаттық идеялар тоғызына көз жеткіздік. Жалпы, ақын туындылары қоғам өмірімен, тарихымен тығыз байланыста болған.

Біздін ой-тұжырымыз негізінде осы такырыпты әлі де болса терең, жанжакты зерттей тұсу алдағы ғылыми-ізденіс жұмыстарда жалғасын таба бермек.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Көпесев М.-Ж. Таңдамалы шығармалар жинағы. 1 том. – Алматы.: Фылым, 1990.
2. Көпесев М.-Ж. Таңдамалы шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы.: Фылым, 1990.
3. Көпесев М.-Ж. Таңдамалы. 1 том. – Алматы, 2003.
4. Көпесев М.-Ж. Таңдамалы. 2 том. – Алматы, 2003.
5. Көпесев М.-Ж. Таңдамалы. 3 том. – Алматы, 2004.
6. Көпесев М.-Ж. Таңдамалы. 4 том. – Алматы, 2004.
7. Байтұрсынов А. Ақ жол. Әдеби танытқыш. – Алматы.: Жалын, 1991. – 451 б.
8. Қирабаев С. Қенес дәуіріндегі әдебиет. – Алматы.: Білім, 1998.
9. Қенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы.: Білім, 1994.
10. Жүсіпова Г. Мәшһүр-Жүсіп дастандары. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациянын авторефераты. – Алматы, 1998.
11. Шаңбаев Т. Мысал жанрының стилімен тілі. Канд. дис. автореферат. – Алматы, 1994.
12. Қалижан Ү. Мәшһүр-Жүсіп. Зерттеу. – Алматы, 1998. – 15, 22 б.
13. Тілеулесова А. "Мәшһүр-Жүсіп және мысал жанры". // "ПаУ хабаршысы" – Павлодар, 2004. № 4, 79 б.
14. Тілеулесова А. "V Сәтпаев оқулары Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары" – Павлодар, 2005.
15. Жүсіпова Л. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының "Қазак тұбі" енбегі – тарихи дерек көзі. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2002.
16. Тұрышев А. // Қазақ тілі мен әдебиет – Алматы, 2000.
17. Сұтканов С. Мәшһүр-Жүсіп Көпееvtің әдеби мұрасы. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 1994.
18. Литература Древней Греции и Рима. – Санкт-Петербург.: Скрипториум, 2000. – 62 б.
19. Античная литература. – М., 1973.
20. Выготский Л. Психология искусства. – М.: Педагогика, 1987, – 88 б.
21. Қазак әдебиетінің тарихы. – Алматы.: Фылым, 2000.
22. Қожакеев Т. Сатира негіздер. – Алматы, 1996. – 308 б.
23. Қожакеев Т. Сатирадың жанrlар. – Алматы, 1983.

24. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы.: Жазушы, 1986.
25. Бердібаев Р. Фасырлар мұрасы. -- Алматы, 1977.
26. Әбдірахманов Т. Б. Өтетілеуовтың өмірі мен творчествосы. – Алматы, 1961.
27. Қирабаев С. С. Қебеевтің өмірімен творчестволық қызметі. – Алматы, 1967.
28. Қебеев С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1960.
29. Қабдолов З. Сез өнері. – Алматы, 2002.- 300 б.
30. Қасқабасов С. Қазактын халық прозасы. – Алматы.: Фылым, 1984. – 197 б.
31. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы. 1970, 318 б.
32. Сұтжанов С., Мұзафар Б. III Мәшһүр-Жұсіп оқулары. Халыкаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Павлодар, 2003.
33. Жұсіпов Е. Мәшһүр-Жұсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүр. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2001.
34. Қазак әдебиетінің тарихы. – Алматы.: Фылым, 2000.
35. Құран Қөрім. – Медине, 1991. – 373 б.
36. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы.: Мектеп, 1973.
37. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы.: Фылым, 1993.
38. Жармұхамедов М. Қөненің көзі. – Алматы.: Санат, 1996.
39. Құмісбаев Ә. Терен тамырлар. -- Алматы.: Фылым, 1994.
40. Қыраубаева А. Фасырлар мұрасы. -- Алматы.: Мектеп, 1988.
41. Ел қазынасы – ескі сезі. /В. Радлов жинаған казак фольклорының үлгілері/. – Алматы.: Фылым, 1994, – 498 б.
42. Еңсегенов Т. Казахская басня. -- Алматы, 1982.
43. Нұрғалиев Р. Арқау. -- Алматы.: Жазушы, 1991.
44. Ахметов З. Өлең – сөздің патшасы. -- Алматы.: Мектеп, 1973.